

Ықпалдастық әлеуеті артпақ

2-бет



Бас мүфти – Қарағандыда

3-бет



Тарихы терең телеарна

4-бет



ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

ORTALYQ QAZAQSTAN

Қ А Р А Ф А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ф А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т І

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz

БЕЙСЕНБІ, 4 МАМЫР, 2023 ЖЫЛ №49 (23 225)

www.facebook.com/ortalyq.kz info@ortalyq.kz

ҚҰЛАҚАҒЫС

Теміртау қаласы мен Ақтау кенті тұрғындарының назарына!



Қарағанды облысының әкімі **ЕРМАҒАНБЕТ БӨЛЕКПАЕВ** Теміртау қаласы мен Ақтау кентінің тұрғындарымен кездеседі

(8-7213) 92-32-57

жұмыс күндері сағат 09:00-ден 18:30-ға дейін (түскі үзіліс 13:00-ден 14:30-ға дейін)

akimat.temirtau@krg.gov.kz

Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Теміртау қаласы мен Ақтау кентінің тұрғындарымен кездеседі және жеке қабылдау өткізеді.

Халықпен кездесу 2023 жылғы 4 мамыр күні сағат 15.00-де Теміртау мәдениет сарайында өтеді. Сонан соң жеке қабылдау өткізеді.

Халықтан сұрақтар мен ұсыныстар жинау үшін жұмыс тобы құрылды. Өтініштерді жұмыс күндері сағат 09:00-ден 18:00-ге дейін (түскі үзіліс 13:00-ден 14:00-ға дейін) (8-7213) 92-32-57 телефоны арқылы және akimat.temirtau@krg.gov.kz электрондық поштасы арқылы қалдыруға болады.

«Қолдан жасалған проблеманың» шешімі бар ма?

МӘМС – міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру енгізілген үш жылда оған қатысты сын көбеймесе, азайған жоқ. Ауырып тұрғанда керек көмекті апталап, айлап күтесің деп халық зар илейді. Мұны Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та айтып жүр. Мәселен, былтыр Үкіметтің кеңейтілген отырысында «міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі тиімді болмады» деп мәлімдеген еді. Арада жыл өтсе де «баяғы жартас – сол жартас».

Жансая ОМАРБЕК, «Ortalyq Qazaqstan»



Коллажды жасаған Ш.Адамбекова

Өткен аптада Мемлекет басшысының қатысуымен өткен кеңейтілген кеңесте бұл мәселе тағы айтылды. Еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері жөнінде сөз қозғаған Президент сегіз бағытты саралап, ұлттың дені сау және сауатты болуы мемлекеттің міндеті екенін баса айтты. «Денсаулық сақтау жүйесінде шешімін таппаған мәселе өте көп. Міндетті әлеумет-

тік медициналық сақтандыру жүйесі осы саланы дамытуға тың серпін береді деп үміттенеміз. Алайда, бұл жүйедегі қаржы айналымына бақылау жасалмайды», – деді Мемлекет басшысы.

Медициналық сақтандыру жүйесінің жүйесіз жұмысы ең әуелі халыққа кесірін тигізіп жатыр. Халық әлі де дәрігердің қабылдауын күтіп ұзын-сонар кезекте жүр.

Дәл қазір ауырып тұрған адам бір ай қайдан күтсін? Медициналық көмекті ақысын төлеп ала салады. Сөйтіп, екі шығындалады. Медициналық сақтандыру бойынша міндетті жарнаны бір төлесе, қысылғанда ақылы қызметке жүгініп екі төлейді. Әлбетте, оған қаражаты болса деңіз.

► 3-бет

Ұлы Жеңіске



Николай Семенович КУРИЛЕНКО



1927 жылы 21 сәуірде Брянщинада шаруа отбасында дүниеге келген. 1944 жылы желтоқсанда Кеңес Армиясының қатарына шақырылды.

Ол Батыс майданның әуе шабуылына қарсы қорғаныс зениттік артиллериясының әскери бөлімінің құрамында Шығыс Пруссияда ұрыс қимылдарына қатысты.

Соғыстың соңына таман Польшадағы шайқас кезінде ол көзінен жараланып, көру қабілетінен айырылды.

II дәрежелі Отан соғысы орденімен, «Ерлігі үшін», «Германияны жеңгені үшін» медальдарымен, Қарулы күштер мен Жеңіс күндеріне орайластырылған көптеген мерейтойлық медальдарымен марапатталған.

Демобилизациядан кейін 1951 жылы пойыздардың кондукторы болып жұмыс істеді, содан кейін шақырту бойынша қазақстандық Магниткаға келді, энергетика шаруашылығында слесарь, шебер және учаске бастығы болып жұмыс істеді. Қарағанды облысының Құрметті ардагері.

Мария Ефимовна ШИНКЕВИЧ



1925 жылы 13 сәуірде Қарағанды облысының Ростовка ауылында дүниеге келген. 1944 жылы 13 сәуірде Осакаров әскери комиссариаты арқылы әскер қатарына шақырылды. Ол 1944 жылдың желтоқсанына дейін Мәскеудегі әйел мергендер мектебіне оқуға жіберілді.

1945 жылдың тамыз айына дейін III Беларусь және Украина майдандарында 220-шы атқыштар дивизиясының II дәрежелі Суворов орденді 199-шы армян косалқы атқыштар полкінің құрамында мерген болды. Жеңісті Прага қаласында қарсы алды.

1945 жылы тамызда запасқа шығарылды.

II дәрежелі Отан соғысы орденімен, екі бірдей «Ерлігі үшін» медалімен, «Германияны жеңгені үшін», «Кеңес Одағының Маршалы Г. Жуков», «Украинаны азат еткені үшін» медальдарымен, «Соғыс ардагері» белгісімен, алғыс хаттармен, үздік ұрыс қимылдары үшін грамоталармен марапатталған.

Соғыстан кейін әртүрлі кәсіпорындар мен ұйымдарда кадр инспекторы, экономист болып жұмыс істеді. 1983 жылы облыстық Сауда басқармасынан зейнетке шықты.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

2023 жылдың II жартыжылдығына арналған «Ortalyq Qazaqstan» облыстық газетіне жазылу науқаны жалғасуда. Газетке жазылуы «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ, редакцияда ресімдеуге болады

Санаты	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша Қала	
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 айға	5848,50 тг
Жеке жазылушылар үшін	6 айға	3100,50 тг
Санаты	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша Аудан / ауыл	
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 айға	5919,00 тг
Жеке жазылушылар үшін	6 айға	3111,00 тг

Қарағанды қ., Ермеков к., 33 8 қабат, 88 каб.

Анықтама телефондары: Руслан – 8-775-482-22-02 Ботагөз – 8-778-846-00-01 Нұрсұлу – 8-705-902-04-05 Тел.: 43-57-89 E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru

МЕРЕЙ

Құрмет құшағындағы қаламгер

Аймаққа белгілі журналист әрі жазушы, ҚарЛагтың ақтандақтарын зерттеуші қайраткер ретінде танылған Екатерина Кузнецова мерейлі 85 жасқа жетті. Мерейтой қарсаңында облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев құттықтап, құрмет білдірді.

Салтанатты шараға облыстың ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрлан Бикенов, «Saryaqqa Aqragat» медиахолдингінің директоры Қайрат Әбілда, Қазақстан Журналистер одағының Қарағанды облыстық филиалының төрағасы Жәнібек Садықанов, «Saryaqqa Aqragat» медиахолдингі директорының орынбасары – «Индустриальная Караганда» газетінің Бас редакторы Оксана Мяких қатысып, Е.Кузнецоваға ақжарма тілегін жеткізді.

– Біз сізді аймақтың беделді журналистерінің бірі ретінде білеміз. Ұзақ уақыт «Индустриальная Караганда» газетінде жұмыс істеліңіз, қалам шеберлерінің бірнеше буынын тәрбиеледіңіз. Сіз сталиндік қуғын-сүргін тақырыбын зерттеуге бірінші болып кіріскен қаламгерсіз. Өз мақалаларыңыз бен кітаптарыңызда ҚарЛаг туралы шындықты айттыңыз. Сіздің еңбегіңіз үшін зор алғыс білдіреміз. Бұл еңбектер бізге өте қажет. Мұндай жағдай қайталанбауы үшін өткенді ұмытпау керек, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Облыс әкімі мерейтой иесіне зор денсаулық, ұзақ өмір тіледі.

Екатерина Кузнецованың аймақ журналистикасында жүргеніне

басқа да кітаптарына арқау болды. Сонымен бірге, Екатерина Борисовна «Книга скорби. Расстрельные списки» атты қарағандылық басылымның редактор-құрастырушысы.



ширек ғасырдан асты. Ол осы салада өткен ғасырдың 60-жылдарының басынан еңбек еткен. Негізгі шығармашылық жолы «Индустриальная Караганда» газетімен байланысты. 1987 жылдан бастап ҚарЛаг тақырыбын зерттей бастайды. Ондағы мақсаты – сталиндік қуғын-сүргіннің шындығын жариялау. Бұл жолда барын салды. ҚарЛаг тұтқындарының естеліктерін жинастырды. Халық жауы болып жазықсыз жапа шеккен адамдардың қиы тағдыры туралы жазбалары «Құст қарағана», «Қарлағ: по обе стороны колючки», «Репрессированный Казахстан» және

– Үнемі азаматтық тұрғыда белсенді болу үшін өз мамандығыңды сүю керек, – деп бөлісті ойын Екатерина Кузнецова. – Ешкімен және ештеңенен қорықпаңыздар, ешкімге жағуға тырыспаңыздар. Журналистика қорқақтар мен жағымпаздарды ұнатпайды. Егер өз сөзіне сенімді болсаң, өз жұмысыңды жаса. Егер қорқатын болсаң, онда саған журналистикада орын жоқ.

Өз тілшімізден Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

Ассамблея аллеясы ашылды

Өткен сенбіде өңірдің барлық аймақтарында жаппай көктемгі ағаш отырғызу науқаны басталды. Аумақтарды көгалдандыру ісіне қоғам белсенділерімен бірге облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев та қатысты. Қалада осы көктемде 2000-ға жуық ағаш көшеті отырғызылмақ. Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесіне орайласқан шара барысында Қарағандыдағы Орталық саябақта облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының аллеясы пайда болды.

ERKANAT KENESBEKULY,
«Ortalyq Qazaqstan»



– Бүгін біз бұл саябақта этномәдени бірлестіктердің басшыларымен бірге жиналдык. Бұл жердегі аллеяны облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы өз қамқорлығына алды. Бастаманы қолдағандарыңыз үшін рахмет! Саябағымыз болашақта көркем әрі жайлы болуы үшін көгалдандыруды жалғастырамыз, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Саябақтың бұл бөлігін әрі қарай абаттандырып, дамыту жоспарлануда. Қала әкімі Мейрам Қожуховтың айтуынша, биыл мұнда тегін ауқымды бабалар алаңы салынады. Саябақты көгалдандыруға кәсіпкерлер де белсенді қатысып тұрады. Мысалы, жеке компаниялардың бірі өз көшетін отырғызған. Жасыл кеністікке күтім жасау үшін саябақтар басқармасы арнайы су

таситын көліктер сатып алыпты.

– Әрбір отырғызылған ағаш – болашаққа салған үлесіміз, келесі ұрпаққа қамқорлық. Біздің Ассамблеяға әрқашан жасампаздық тән болған. Саябақты барлық қарағандылықтар жақсы көреді. Менің ойымша, біз оны бірге көгалдандырып, көрікті ете аламыз. Баршанызды туған қаламызға өз үйіңізге қарағандай ыждағатты болуға шақырамын. Шаһар болашағына немісқұрайлы қараманьдар, игі істермен өз үлестеріңізді қосыңыздар, – дейді корей ұлтының облыстық этномәдени бірлестігінің төрағасы Лилия Ким.

Сол күні саябақта Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының курсанттары аумақты коқыстан тазартуға көмектесті.

• ЖАҒЫМДЫ ЖАНАЛЫҚ

Тұрғын үйлер ажарлана түспек

Балқашта көппәтерлі тұрғын үйлердің шатыры мен қасбетін жөндеу қолға алынды. Бүгінде Жидебай батыр шағын ауданындағы үйлердің шатыры мен қасбеті жөнге келтіріліп, екі үйді сырлау аяқталған.

НҮРДЭС КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Балқаш қаласы әкімінің орынбасары Темірхан Айдархановтың айтуынша, биыл жалпы саны 30 үй жөнделеді деп күтілуде. Оның ішінде 11 үйдің – шатыры, 3 үйдің – фасады, 16 үйдің – фасады мен шатыры жөнделмек.

Сонымен қатар, «Аралат Универсал» ЖШС мердігерлік ұйымы қала бойынша орамшілік және аула аумақтарындағы автомобиль жолына жөндеуді бастап кетті. Жөндеу жұмыстары 10 мамырға дейін аяқталады деп күтілуде.

БАЛҚАШ

Ықпалдастық әлеуеті артпақ

Қазақстан халқының бірлігі күні қарсаңында Достық үйінде «Татулық пен келісім – әділетті Қазақстан дамуының негізі» атты дөңгелек үстел өтті. Онда Мемлекет басшысының төрағалығымен Қазақстан халқы Ассамблеясы XXXII сессиясының пленарлық отырысында айтылған мәселелер қозғалды. Шараға қатысқан этномәдени бірлестіктердің өкілдері мен жастар этносаралық келісімді нығайту әлеуетін арттыру әрі жаңа, толерантты қоғам құрудың алдағы қадамдарын талқылады.

ЖАНСАЯ ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Ел Президенті Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXII сессиясында өзара түсіністікті нығайту және Қазақстан халқы одан әрі біріктіру үшін практикалық қадамдардың маңызына назар аударды, Ассамблея жұмысының бағыттарын белгіледі. Оның ішінде, Ассамблея қызметінің біртіндеп ұлттық ықпалдастық әлеуетін арттыруға, оған тын серпін беруге айрықша назар аударды. Қазіргі заманға сай ұйымдастыру міндетін де қойды. Біз облыстық Ассамблеяның жұмысын Мемлекет басшысы айтқан жаңа міндеттерді ескере отырып құруымыз керек. Бүгінде облыстағы ҚХА жанынан аналар, кәсіпкерлер, медиация бойынша кеңестер, жастар қанаты құрылды әрі олар табысты жұмыс істеуде. Мұның бәрі Ассамблеяның әртүрлі этностардың өкілдерін ғана емес, бүкіл қоғамымызды біріктіретінін көрсетеді, – деп атап өтті облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев.

Ел қауіпсіздігі мен халықтың әл-ауқаты үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің маңыздылығын Қарағанды облысы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаментінің басшысы Мұрат Төлеубаев атап өтті.

– Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті қалыптастыру үшін үнемі идеологиялық және профилактикалық жұмыстар жүргізілуі тиіс, – деді Мұрат Төлеубаев. – Жемқорлық әлем елдерінің бас қатыратын мәселесі екені жасырын емес. Тіпті, ол үшін қатаң жаза тағайындайтын елдер де одан зардап шегеді. Жемқорлық қоғамның барлық саласында бар. Сондықтан, барлық бағыт бойынша жүйелі жұмыс қажет. Бұл ретте біздің агенттік Қазақстан халқы Ассамблеясының мүмкіндіктерін пайдаланады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы қабылданды. Оған сәйкес, бизнесті қорғау, білім беру мен денсаулық сақтау, әсіресе, әлеуметтік салалардағы жемқорлықтың жолын кесу үшін әр өңірдің ерекшеліктеріне сәйкес, жемқорлық тәуекелдерінің картасы жасалды. Бүгінде облыстық Ассамблея өкілдері бұл жұмысқа белсенді қатысуда. ҚХА мүшелері Департаменттің ақпараттық тобы спикерлерінің пулына кіреді.

Облыстағы аналар кеңесінің

на қарамастан, Ассамблея маған аналар кеңесінің төрайымы болуға ұсыныс білдірді, менің барлық бастамамды қолдады. Президент жақында ғана Әлеуметтік доғарысқа қол қойды. Енді әлеуметтік саясат жүйеленеді. Сол сияқты Ассамблея жұмысына реформа қажет, – деді ол.



Сонымен қатар, басқосуда Костенко атындағы шахтаның кеншісі, спорттық акробатика шебері Даниель Диль, Е.Бекетов атындағы Қарағанды университетінің философия және психология факультеті әлеуметтік жұмыс және әлеуметтік педагогика кафедрасы деканының орынбасары Бекарыс Ахметолла, Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланда келісімшарт бойынша әскери қызмет атқаратын кіші сержант Владислав Горизанов, «Ассамблея жастары» республикалық қоғамдық бірлестігі Өкілдігінің облыстағы басшысы Александр Урмашов, сонымен бірге, Ә.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің жастар саясаты жөніндегі департаменті директоры Рустам Буязков сөз алды.

Дөңгелек үстел соңында Ермағанбет Қабдулаұлы облыстың қоғамдық-саяси өміріне белсенді қатысқаны және жаңа қазақстандық қоғамды құруға қосқан үлесі үшін облыс әкімінің Алғыс хаттарын табыстады. Мұндай марапатқа «Lituanica» ҚБ жастар қанатының жетекшісі Вида Грейчута, «Гудвил» ЖШС заңгері Константин Дик, «Намус» Әзірбайжан ұлттық-мәдени орталығы» ҚБ жастар қанатының жетекшісі Шахиу Наибов, «Мәміле» сөйлесу клубының оқытушысы Ольга Тим және №3 көпсалалы аурухананың амбулаториялық-емханалық қызметінің

реформа қажет. Ұлттық бірегейлік – бұл біздің жұмысымыздың негізгі мақсаттарының бірі. Бастамалардың басында әділ Қазақстанның құндылықтары тұруы тиіс. Біз оларға нақты істермен ұмтылуымыз керек. Сарапшылар қауымдастығы мен Ассамблеяның, қоғамдық ұйымдардың белсенділері бүгінде



төрайымы Ләззат Қожахметова Мемлекет басшысы өткізген XXXII сессиясына қатысқандағы




сезімі мен ойларын ортаға салды.

– Басында Ассамблея қызметін сынағандардың бірі едім. Пікірімнің қарама-қайшылығы

болашағының прототип-моделін жасай алады. Бұл біздің қызметіміздің ұзақ мерзімді бағдарламасы болуы керек, – деп атап өтті Вилен Молотов-Лучанский.

басшысы Анатолий Красножене болды.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



Облыс әкімі кезекті аппарат жиынында күн тәртібіндегі қос мәселені алға тартты. Біріншісі – қалалық және ауылдық елді мекендерді сумен толыққанды қамту болса, екіншісі – орта мерзімді кезеңге арналған азық-түлік қауіпсіздігі бағытындағы іс-шаралар жоспарын іске асыру.

ERKANAT KENESBEKULY,
«Ortalyq Qazaqstan»

– «Су – тіршілік көзі». Халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету – біздің діндеген басты міндеттеріміздің бірі. Барлық іске асырылып жатқан жобаларды уақытылы аяқтап, пайдалануға беру қажет. Жұмыс барысын жеке өзім бақылайтын боламын, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Бүгінде өңірлерде атаулы мәселеге қатысты шаралар кешені даяр. Мысалға Балқашта Тоқырау-Саяқ су құбырына тексеру амалдары жүргізіліп, қаланы үздіксіз сумен қамтамасыз ету бойынша бірінші кезектегі іс-шаралар жоспары бекітілді. Мұнымен бірге, су құбыры желілерін қайта жаңарту жалғасын табуда. Өңір қалалары мен ауылдық елді мекендерді сумен жабдықтау тұрасында облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Ербол Төлеуов баяндады. Жергілікті халықтың таза ауыз суға қолжетімділігін арт-

тыру маңызды. Алдағы міндет 2025 жылға қарай 100% қамтамасыз ету. Қазір облыс қалаларында көрсеткіш – 98,5%, ауылдарда 92,9% құрауда.

– Балқашта 2022 жылы қаланың су құбыры желілерін қайта құру жобасы басталған. Ағымдағы жұмыс кезең-кезеңмен жүргізіле отырып, 2024 жылы толық аяқталады деген жоспар бар. Сонымен қатар, қаланы және жақын маңдағы елді мекендерді қамтитын Тоқырау-Саяқ су құбыры тексерілді. Қала әкімдігі сумен жабдықтауды тұрақтандыру, ауыз су мәселесін кешенді шешу, сондай-ақ «Балқаш су» және «Балқаш жылу» коммуналдық кәсіпорындарын жаңғырту бойынша бірінші кезектегі шаралардың тиісті жол карталарын әзірледі, – деді Ербол Төлеуов.

Ал, Балқаш қаласының әкімі Қайрат Қамзиннің айтуынша, қала бюджетінен қызмет көрсетушілер үшін жаңа жабдықтар мен материалдарды сатып алуға қаражат бөлінген. Осы аптада конкурс жарияланған.

Биыл «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» Ұлттық жобасы аясында 39 жоба қаржыландырылды. 390 шақырымға жуық су және көріз желілерін салу және қайта жаңарту жоспарлануда.

Сұрыптау шағын ауданындағы су құбыры желілерінің құрылысын аяқтау қажет. Сондай-ақ, орталықтандырылған сумен жабдықтау Сахалин кентінде жүргізілетін болады.

Теміртауда су құбыры желілерін қайта жаңарту жұмыстары аяқталуға жақын. Биыл шамамен 20 шақырым қалды.

Бұқар жырау, Ақтоғай, Қарқаралы, Нұра және Шет аудандарының 14 ауылында жаңа су құбырлары салынуда.

200-ден аз адам тұратын ауылдарда суды блок-модульдік тазарту кешендерін орнату арқылы таратпақ.

Газеттің өткен сандарында ауылға инвестиция бара жатқандығы хабарланған еді. Осыған орай, биыл аграрлық-өнеркәсіптік кешенде 24 инвестициялық жоба жоспарланды. Сегіз сүт-тауар фермасы құрылып, үш жаңа картоп қоймасы іске қосылады. Мұның бәрі өңірдің азық-түлік қауіпсіздігін арттыруға бағытталған.

Ауыл шаруашылығы басқарма-

сының басшысы Аскар Санаубаров аппараттық кеңесте бұл бағытта тағы қандай жұмыстар атқарылып жатқанын тілге тиек етті. Оның айтуынша, фермаларда мал басы көбейіп келеді. Биыл жылқылар бойынша 7%-ға өсім күтілуде, олардың саны 340 мың басқа жетеді. Асылдандыру жұмыстарына баса назар аударылады. Нәтижесінде ет пен сүт өндірісі тұрақты өсуде.

Облыста сонымен қатар, тұрғындарды өз өнімдерімен қамтамасыз ету үшін картоп пен көкөніс егу жылдан жылға артып келеді. Дәнді дақылдар алқаптарының көлемі де өседі.

– Ауыл шаруашылығы өнімі өндірісінің көлемін ұлғайтуда басты назар қолданыстағы өндірістерді жаңғырту және жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаларды іске асыруға аударылады. 2023 жылы 24 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарланған болса, оның 10-ы мал шаруашылығында, 11-і өсімдік шаруашылығында, үшеуі қайта өңдеуде. 4100 басқа арналған 8 сүт-тауар фермасы құрылатын болады, бұл сүт өндірісін жылына 42 мың тоннаға ұлғайтуға мүмкіндік береді. Бұл ретте сүт өңдеу кәсіпорындарының жүктемесі 77%-ға дейін өседі, – деп атап өтті Аскар Санаубаров.



Бүгінде облыста картоп пен көкөністерге арналған 134 қойма бар. Өткен жылы үш жаңа заманауи картоп қоймасы енгізілді, билығы жылы да осындай қор қосылады.

Тағы бір маңызды бағыт – ауыл тұрғындарының табысын арттыру. Ол үшін жеке қосалқы шаруашылықтар мен ауыл шаруашылығы кооперативтеріне жеңілдікпен шағын несие беру көзделген. Биыл облыс бойынша 653 шағын несие беру жоспарлануда, 218 өтінім келіп түсті.

– Көктемгі егіс жұмыстарын оңтайлы агротехникалық мерзімде аяқтау қажет. Мал басының өсуі, ауыл шаруашылығы өнімінің өндірісін ұлғайту үшін барлық қажетті шаралар қабылданып. Инвестициялық жобаларды жоспарланған мерзімде іске қосуды қамтамасыз ету қажет, – деді облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев.

• ДІН – ДИҢГЕК

Бас мүфти – Қарағандыда

Облысымызға арнайы келген Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы Наурызбай қажы Тағанұлы облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев арнайы қабылдап, аймақтағы діни ахуалды талқылады, ортақ жобаларды жүзеге асыруға келісті. Одан бөлек, Бас мүфти бірқатар іс-шараларға қатысып, аймаққа қарасты мешіт имамдарымен арнайы кездесті. Сондай-ақ, Бұқар жырау ауданы Үштөбе елді мекеніндегі «Үштөбе» оқу-ағарту орталығының ашылу рәсіміне қатысып, Бұқар жырау Қалқаманұлының туғанына 355 жыл толуына орай өткізілген республикалық конференцияға қатысып, баяндама оқыды.

Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды облысында 128 мешіт бар. Өңірдегі мешіттерде 191 дін қызметкері жұмыс істейді. Біз имамдар форумында үнемі дін қызметкеріне қатысты құжат қабылдаймыз. Елордада өткен имамдар форумында «Зияткер имам» құжатын қабылдадық. Құжатты қабылдаудағы мақсат – білімді, тәжірибелі, жан-жақты білім алған имамдарды іріктеп, ортақ мақсатқа жұмылдыру. Дін қызметкерлерінің жан-жақты білім алуына барынша жағдай жасап отырмыз. Бұл игі ісімизге әкімдік тарапынан да қолдау көрсетілсе нұр үстіне нұр болар еді, – деді Наурызбай қажы Тағанұлы.

Одан бөлек, ҚМДБ Төрағасы ас беру мен зират көтеруде ысырақ жол бермеуге үндейді «Ас беру мәдениеті», «Зират және зиярат ету мәдениеті» құжаттарын қоғамға барынша насихаттауды маңызды атап өтті. Ал, аймақ басшысы Ермағанбет Қабуллаұлы бұл бағытта қажетті қолдау жасалатынын жеткізді.

Наурызбай қажы Тағанұлы сапар барысында облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің ректоры Нұрлан Дулатбеков, Қарағанды экономикалық университетінің ректоры Ерқара Аймағанбетов, Мәжіліс депутаты Аманжол Әлтаев және тағы басқа зиялы қауым өкілдері, ұстаздар мен дін қызметкерлерімен бірге Бұқар жырау Қалқаманұлының



туғанына 355 жыл толуына орай республикалық конференцияға қатысты.

Конференция барысында Құран оқылып, Бас мүфти Бұқар Қалқаманұлының рухына арнайы дұға бағыштады. Наурызбай қажы Тағанұлы аймаққа қарасты мешіт имамдарымен де арнайы кездесіп, имамдық қызметтің жауапты да сауапты тұстарына тоқталды.

– Имам – қоғамды тәрбиелеуші, ағартушы тұлға. Отаншыл, еңбексүйгіш, аманатқа адал, ата-анасын қадірлейтін иманды ұрпақ тәрбиелеуде имамның атқарар ролі ерекше, – деген ол имамдардың жан-жақты, білімді болуы – заман талабы екенін де айтып, облыс имамдарына бірқатар тапсырмалар жүктелді.

Бас мүфти қатысқан тағы бір

«Қолдан жасалған проблеманың» шешімі бар ма?

(Соңы. Басы 1-бетте).

Бұл туралы Мәжіліс отырысында депутат Асхат Аймағанбетов те айтты. Үкімет басшысы Әліхан Смайыловтың атына жолдаған депутаттық сауалында ол МӘМС жүйесі арқылы қаралғысы келетін қарапайым халық бірнеше айлап кезек күтуге мәжбүр екенін және бұл қолдан жасалып отырған мәселе екенін алға тартты.

– Қазір азаматтар ауруханаға барып, тексерістен тегін өтемін десе, онда бір ай немесе үш ай күту керек. Ал, егер сол адамдар сол тексерістен ақылы өтемін десе, дәл сол уақытта немесе үш минутта өтуіне болады. Сондықтан, еріксізден ақылы қызметті алуға мәжбүр болады. Онда біз не үшін ай сайын өзіміздің жалқымыздан төлейміз дейді. Бұл негізінен қолдан жасалған проблема. Өйткені, енгізілген қаржыландыру жүйесіне де байланысты болып тұр, – дейді Асхат Аймағанбетов.

Депутат бұл мәселені шешу үшін МӘМС жүйесі арқылы ұсынылатын қызметтердің ақысы факт бойынша бөлінуі керек дейді.

«Қазір емханалар іс жүзінде ай сайын квота арқылы қаражат алады.

Мысалы, бір айға КТ жасауға он квота, МРТ жасауға бес квота беріледі. Ал, егер науқастар саны бұдан көп болса, онда дәрігер науқасты келесі айға жазуға мәжбүр. Осыны ескерсек, ай сайынғы қаржыландырудан бас тарту керек. Көрсетілген қызметтердің ақысы факт бойынша төленуі керек. Науқастарға медициналық ұйымды таңдауда еркіндік беріп, түсініспеушілік болмау үшін тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі мен медициналық сақтандыру пакетін нақтылауды ұсынамын», – деді депутат.

Медициналық сақтандыру қорына ай сайын облыс тұрғындарынан орташа 4,3 млрд. теңге түседі. Орташа есеппен бір адамнан 4,5 мың теңге жарна түседі. Қордың деректеріне сәйкес, 2017 жылғы 1 шілденден бастап қазіргі уақытқа дейінгі кезеңде медициналық сақтандыру қорына облыс төлеушілерінен 133,5 млрд. теңге түскен. Былтыр – 51,4 млрд. теңге. Оның 29,2 млрд. теңгесі – жұмыс берушілердің аударымдары, қалғаны жеке кәсіпкерлер, жеке құрылымдар мен азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт бойынша жұмыс істейтін адамдардың жарналары.

Биылғы жылғы наурыздың басындағы дерекке сәйкес, облыста 950 117 адам сақтандырылған. Жүйеден тыс қалған 184 756 адам бар. Бұл халықтың жалпы санының 16,3%-ын құрайды. «Сақтандыру» ақпараттық жүйенің деректері бойынша сақтандырылмағандардың жұмыскерлер – 23%, азаматтық-қоғамдық сипаттағы шарт бойынша жұмыс істейтіндер – 2,6%, ЖК/ТЖ – 2,1%, БЖТ төлеушілер – 2,2%, дербес төлеуші – 2,4%, соңғы 12 айда төлемдері жоқ адамдардың үлесі 67,7%-ды құрайды.

– Сақтандырылмағандардың басымы бөлігін МӘМС үшін жарналар мен аударымдарды ешқашан төлемеген азаматтар құрайды. Екінші орында – жұмыс берушілерден жарналар мен аударымдар тұрақты емес түскен немесе жұмысқа орналасуға дейін қарызы бар жалдамалы жұмысшылар, – дейді медициналық сақтандыру қорының Қарағанды филиалының директоры Фазыл Копобаев.

Оның айтуынша, жұмысты ұйымдастырудағы кемшіліктерді тұрғындардан түсетін өтініштер арқылы бақылап отыруға болады. – Қорға келіп түсетін өтініштерді

Гимараттың ұстаздар бөлмесі, спорт залы, кітапханасы, дәрісханасы, асханасы, жатақханасы бар. Жалпы ауданы – 1700 шаршы метр.

Сонымен қатар, Бас мүфти «Әнет баба» мешітінде өткен бірқатар шараларға да қатысқанын айту керек. Соның бірі – «Дін мен дәстүр» және «Ізгі қоғам» бөлмелерінің ашылуы.

– Әр халықтың өзін танытатын салт-дәстүрі бар. Егер салт-дәстүрі жойылса, сол халықтың өзі де жойылары сөзсіз. Діннің мақсаты белгілі бір ұлттың дәстүрін, әдет-ғұрпын мәнсақтау емес. Ислам діні бүкіл халықты дәстүрі мен құндылығын сақтау арқылы надандық соқпағынан алып шығады, – деген Наурызбай қажы Тағанұлы шара барысында бұлдірішнін тұсауын кесіп, арнайы дұға жасады.

Сондай-ақ, екі жастың ақ некесін қиды. Шаңырақ көтерген жастарға Исламдағы отбасы құндылығы жайлы уағыз айтып, ақ некені бұзбауға шақырды.

Дәл осы мешітте Наурызбай қажы Тағанұлы жұма уағзын айтты. «Адал ризық және адал кәсіпкерлік» тақырыбында уағыз айтқан Бас мүфти: «Алла Тағала жер бетінде сансыз нығмет жаратып, оларды адамзат баласының игілігіне тарту етті. Әр уақыт пайғамбарлар жіберіп, адамзатқа ненің адал, ненің арам екендігін үйретті. Адам баласы бұл сынақ өмірде Жаратушымыздың біздер үшін адал еткен несібесінен пайдаланып, арам ата-бабаларымыз тұлпарына доңыздың басқан шөбін жегізбей, адалдықты ұстанып, Алланың ақ жолынан жанылмаған» дейді.

ҚМДБ Төрағасы жұма намазынан кейін Қарағанды жамағатымен бірге ел амаңдығы мен тыныштығы үшін дұға жасады.

Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• БРИФИНГ

Жастар ипотекасы жалғасады

Ел жастарының басты мәселесі – баспана. Бұл түйіткіл үкіметтің де, жастардың да бас ауруына айналғалы қашан. Дегенмен, өндірісті аймақта бұл мәселе онынан шешілуде. Қарағанды қаласындағы жас мамандарға арналған ипотекалық бағдарлама биыл екінші жыл жүзеге аспақ. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте жауапты сала басшылары мен мамандары жан-жақты мәлімдеді.



Сағыншы ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Биыл бұл бағдарламаға аймақтағы монокалалар да қосылады. Қазіргі таңда Теміртау қаласында тіркелген өтінімдер қарастырылуда. Ал, жыл соңына дейін осы бағдарлама Балқаш пен Саран қалаларында жүргізіледі. Жалпы, үш жарым миллиард теңге көлемінде қаржыландыру жоспарланып, кемінде 196 несие беру көзделіп отыр. Құжаттар 12 мамырға дейін қабылданады, – дейді облыстың жастар мәселелері жөніндегі басқармасының басшысы Рауан Таран.

Өткен жылы аталмыш бағдарламаны жүзеге асыру барысында облыстық бюджеттен 1 миллиард және «Отбасы банктен» 500 млн.

теісінше І кезеңнен өткеннен кейін банкке жолдана алады. Несие тарихы тексеріледі. Оны біз Бірінші несие бюросынан аламыз. Төлем кабелетін қарастырып, құжаттар расталады. Бұл 10 күн мерзімді болады. Осы аралықта пәтер іздеуге уақыт беріледі. Барлық құжаттар мақұлдағаннан кейін несие ресімделеді. Берілетін несие құны 20 млн. болғандықтан, одан артық соманы өтінім беруші өзі төлейді, – дейді «Отбасы банк» АҚ Қарағанды облыстық филиалының бизнесі дамыту бөлімінің басшысы Меруерт Ахметуллина.

Сондай-ақ, банк тарапынан алатын үйлерге бірнеше талап қойылады. Алынатын үйлер қолданысқа берілгеннен бастап 50 жылдан аспауы керек. Ескі үйлерді банк кепілдікке алмайды. Төлем кабелеті

ЖАС МАМАНДАРҒА ЖЕҢІЛДІК НЕСИЕ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШАРТТАР

- қарыздың ең жоғарғы сомасы 20 млн. теңге
- пайыздық мөлшерлеме-жылдық 5%
- несиеңнің максималды мерзімі-19 жыл
- Қарағанды қаласында бастапқы және қайталама нарықта пайдалануға берілген тұрғын үй
- бастапқы жарна – 10%

КОНКУРСҚА ҚАТЫСУШЫЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАП

- ҚР азаматтығы;
- Өтініш берген сәтте жұбайының (зайыбының) (бар болса) жасына қарамастан 35 жасқа дейінгі жасы . Бағдарламаға ерлі-зайыптылардың біреуі ғана қатыса алады.
- Бағдарламаға қатысушыда және отбасы мүшелерінде соңғы 5 жылда жылжымайтын мүліктің болмауы
- Өтініш берген сәтте Қарағанды қаласындағытаңдалған қызметі саласындағы ресми жұмыс өтілі зейнетақы шотынан үзінді көшірмесімен расталған бір жылдан кем болмауы тиіс.

теңге қаражат бөлінген. Нәтижесінде мыңнан астам өтінімнің ішінен 92 несие мақұлданды. Аталмыш бағдарламаға денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, спорт, бұқаралық ақпарат құралдары, жоғары оқу орындары және әлеуметтік сала қызметкерлері қатыса алады.

Бағдарлама конкурстық режимде өтіп, балдық көрсеткішпен бағаланады. Атап айтқанда, еңбек өтіліне 2 балл, әр балаға 2 балл, отбасында мүгедек адам болса 5 балл, жетім балалар санатына жатса, 5 балл қойылады.

– Барлық жиналған құжаттар

тексерілген кезде отбасының әрбір адамға шаққандағы күнкіресі деңгейі 10 АЕК бойынша есептеледі. Бұл 34500 теңгені құрайды. Әрі «Отбасы банк» тұтынушылары үшін жеңілдіктер қарастырылған. Несие тарихын тексерген кезде дәл қазіргі уақытта өтемақы уақытылы жүріп отырса немесе бірнеше ай уақытылы төленбеген несиелер бар болса, онда сол несиеңі жапқаннан кейін үш айдан кейін ғана несие алуға жүгіне алады. Жалпы, несие тарихы бұзылмағаны абзал. Несие төлеу барысында алғашында 3-5-8 жылда мөлшерлеме 5%, кейіннен 3,8%-ға төмендейді.

Шағын кәсіптің шарапаты

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев кәсіпкерлікті дамыту маңызды екенін атап, іскерлік белсенділікті ынталандыруды тапсырған болатын. Мемлекет ұсынған бағдарламаның тиімділігі арқасында Приозерск қаласында кәсіпкерлікпен айналысушылардың саны артқан. Олар еліміздің экономикалық қуатын шағын және орта бизнес арттыратындығына сенімді. Жұмыспен қамту мен кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған «Еңбек» бағдарламасы арқасында алға қойған мақсатын іске асырып жатқандар аз емес. Солардың бірі – жас кәсіпкер Ержан Нұрланбекұлы. Өзі туған қаладағы жерлестер сапалы кофе ішін деген ниетін жүзеге асыруға мемлекеттік грант сеп болған.

Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ержан жаңа кәсібінің арқасында екі адамды жұмыспен қамтып отыр. Істің көзін тапқан жігерлі жас мемлекеттік қолдауға дән риза.

– Қазіргі таңда кәсібін ашамын дегендерге «Еңбек» Нәтижелі жү-

мыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасының екінші бағытындағы «Бастау Бизнес» жобасы, «Бизнестің жол картасы 2020-2025» бағдарламасы зор мүмкіндік беріп отыр. Мен «Еңбек» бағдарламасы аясында 583 мың теңге және Қарағанды облысы әкімінің жас кәсіпкерлерді

қолдау мақсатында ұсынылған 1 миллион теңге грантқа ие болып, қоғамдық тамақтандыру нысанын ашу үшін қажетті жабдықтар мен құралдарды сатып алдым. Жұмыспен қамту орталығы арқылы екі адамды жұмысқа қабылдадым. Бірі «Күміс жас» жобасы бойынша еңбек етіп жатыр. Жалпы алпауыт



елде жұмыс істейтін халық санының 52 пайыздан астамы кәсіпкерлік саласында қызмет етеді екен. Кейде кәсіпке, тәжірибенің

жетіспеуі де әсер етеді. Сол үшін бизнес-әдебиеттер оқып, бизнес тренингтерге қатысу арқылы білімді арттыруға тырысамын.

Бұл көмектеседі және ынталандырады, – дейді кәсіпкер Ержан Абдурахманов.

Кофехана қаланың орталығында ашылған. Бүгінде онда үш адам жұмыс істейді. Кофе және басқа да сусындардан бөлек, кәсіпкер барлық қондырғылар өнімді өзі пісіреді. Кофені тұтынушылардың көзінше дайындайды. Оның айтуынша, кофені дәмді етіп дайындап, сұранысқа орай өзге де жылы-жұмсақтарды қосып ықыласпен ұсынуды, яғни тұтынушыны баурап алуды үйрену қажет.

Жұмыспен қамту орталығының мамандарының айтуынша, бүгінде кәсіп ашуға ұмтылған жастар көп. Олар сұраныс жоғары, баламасы жоқ кәсіп ашуға құлшынады. Себебі, шағын және орта кәсіпкерлік – қаланы дамытудың берік негізі екендігін жақсы түсінеді. ПРИОЗЕРСК



• «SARYARQA» ТЕЛЕАРНАСЫНА – 65 ЖЫЛ

Тарихы терең телеарна

«Saryarqa» – ақпарат саласының айнасы, облыстың басты арнасы. Тарихы тереңде жатыр. Көрерменнің көзайымына бөленген Қарағанды телевизиясына биыл – 65 жыл толып отыр. Менің өмір жолым осы цифрдың соңғы 43 жылымен тікелей байланысты. Яғни, тележурналист ретінде қасиетті қарашаңырақтың қазығына байланып, қазанында қайнап шықтым. Телеарнаның тарихына бір сәт үйілесек, алдымен есімізге алғашқы төраға Құрманғали Қасымжанов оралады. Ол журналистиканың мектебінен өтіп, «Советтік Қарағанды» (қазіргі «Орталық Қазақстан») газетінің жауапты хатшысы болған. 1958 жылдың 1 наурызы күні, облыстық радио хабарларын тарату және телевидение комитетінің басшысы болып қызметке кірісті. Қажетті мамандарды жинап, дайындық жұмыстарын бастап жіберді.

Қарағанды телевидениесі 31 тамыз күні тұңғыш рет тікелей эфирден хабар таратты. Мұның да өзіндік сыры бар. Өйткені, сол күні Кеншілер мерекесі болатын. Көрермендер көк жәшіктен шахтерлерге арналған хабарды тамашалады. Содан соң, 30 күн бойы жаңа техникалар мен құрал-жабдықтар сынақтан өтті.

Сол жылдың 11 қазанында Азия мен Африка жазушыларының кезекті съезі жайлы түсірілген алғашқы студиялық хабар көрермендер назарына ұсынылды. Оның авторы журналист Амантай Сағаев еді. Кейін ол қазақ әдебиетінен ойып тұрып орын алды, танымал жазушы, драматург атанды. Хабардың режиссері Өксікбай (Өмкен) Тойбаев болды. Бұл бағдарламаны телестудияның тұңғыш директоры Майра Ахметова жүргізді. Алғашқы журналистер қатарында В.Ярошилов, А.Ким, Л.Маркман, А.Әлгожин, Базарбай Мұстафин, (кейіннен «Орталық Қазақстан» газетінде істеді) Қыздарбек Өксікбай және В.Татенко сияқты азаматтар еңбек етті. Режиссерлік қызметке театр мамандары мен Алматы өнер институтының түлектері Айтуған Салықов, Құтпан Ералин, Хафиза Ысқақова, А.Гарин, А.Штейнбрехт, К.Бағровалар келе бастады.

Комитет пен студия басылығы болашақ дикторларды конкурстық негізде таңдап алды. Галина Рахимова, Ескендір Тишмағанбетов, Светлана Тарасова, Л.Маркман, А.Лариалар іріктеліп, сыннан сүрінбей өтті. Сондай-ақ, сол кездерде дыбыс операторы О.Бункин, режиссерлер К.Шилова, А.Гарин, А.Тажібаев, Р.Жаббаева, Р.Смағұлова, бас редакторлар Қ.Қаюпов, М.Халиоллин, С.Брандорф, А.Хамидуллин, В.Татенко, дыбыс режиссері А.Летаев, редакторлар Л.Диккельбойм, Ж.Мұзапаров, Ш.Қалмағамбетов, бас кинооператор В.Воробьев, телеоператорлар ағайынды Виктор мен Владимир Холодков, Борис пен Юрий Лелюк және И.Шарий жұмысқа қабылданды. Олар Қарағанды телеарнасының қалыптасуына мол үлес қосып, ұзақ жыл еңбек етті. Өз басым осы кісілерден көп нәрсені үйренді.


Ол жылдары телевизиялық хабарларды техникалық тұрғыдан қамтамасыз ету ісі телевизиялық орталыққа жүктелген еді. Оның алғашқы әкімшілік-техникалық жетекшілері Н.Ковалев, К.Савин, В.Гаряга, А.Бабель, С.Малай, Т.Иванова, В.Хименко, Н.Петлюк, Е.Ермоленко болатын. Осындай іскер де, білікті басшылардың арқасында теледидар ұжымы көрермендерге үздіксіз теленіңдер ұсына бастады. Алғашқы жарты жылда Қарағанды телевизиясының алуан тақырыптарды қамтыған хабарлары аптасына үш рет эфирге шығып тұрды. Оларды жалпы қоғамдық-саяси, әдеби-драмалық және балалар мен жастар редакцияларының шығармашылық ұжымы дайындайтын. Кейінірек көрсетілген уақыты артып, музыкалық хабарлар редакциясымен толықты.

65 жылдық тарихы бар телевизия Арқа өмірінің шежіресі деуге тұрарлық. Өйткені, Қарағанды облысының барлық саласынан түсірілген материалдар саны қазір 7 мыңнан асып жығылады. Телестудия 60-тан астам телевизиялық фильмдер түсірді. Олардың арасында республикалық және бүкілодақтық телебайқаулардың жеңімпазы атанып, арнайы сыйлықтармен марапатталған: «Через годы», «Ленинград – Қарағанды», «Я варю сталь», «Қарқаралы қарлығаштары», «Бытца за хлеб», «Сарыарқаның саңлағы» – деп аталатын туындылар бар.

1975 жылы бейнемагнитофондар мен біраз телекамера сатып алынды. Жылжымалы телевизиялық станцияға, яғни, ПТС-ке қолымыз жетті. Соның арқасында Теміртау, Шахтинск, Абай, Саран сияқты қанаттас қалалар мен ауылдық жерлерден арнайы хабарлар дайындап, тікелей репортаждар жүргізілді. Біз Қазақстандағы Алматы мен Өскеменнен кейінгі алғашқы телестудиялардың бірі екенімізді мақтан тұтамыз.

Телеарнаның фонотекасында 150 дана «MAXIM» кассетасы сақтаулы. Ол 1970-1980 жылдардағы облыстың бейне шежіресінен сыр шертеді. Кезінде телевизияның техникалық жағдайына және жазып алу кассеталарының ташы болуына байланысты хабарлардың түпнұсқасын сақтап қалу мүмкін болмады. Кейіннен шығармашылық ұжым «S-VHS» кассетасымен жұмыс істеді. Қазір оның 1800 данасы фонотекада тұр. Токсаныншы жылдардың екінші жартысына дейін пайдаланылған бұл бейнежазбада облысымызда өткен даталы мәдени шаралар және жекелеген хабарлар қамтылған. 2000 жылдардан бері журналистер «DVCPRO», «DVCAM» кассеталарымен жұмыс істеуге көшті. Бұл таспалардың сапасы әлдеқайда мықты, әрі жазылым көлемі ұзақ.

Қазір алтын қорда сақталуы материалдар жетерлік. Әр жылдары көрермендердің көңілінен шыққан «Жас қанат», «Біз жан-басақ», «Ойлан-тап», «Шахтерский канал», «Айтты», «Қонаққа», «Жансарай», «Өнерлі өрендер», «Ауыл тынысы», «Житнейские истории», «Үт», «Сіз бен біз», «Гибрат»,



Телеспектакль. «Сарыарқа» телеарнасының мұрағатынан

«Арайлы Астана», «Дат», «Сарыарқа – қолыбыз достық» атты хабарлар бейнеқорымыздың қатарын толықтыра түсті. Олардың арасында, журналист Гүлнар Бұхарбаеваның 100-ден астам («Әйел әлемі», «Руханият», «Парасат») тарихи, танымдық хабары бар.

Бұл бағдарламаларды дайындаған: Әшімхан Жанпейісов, осы жолдардың авторы және әр жылдарда қызмет атқарған Шәмшит Қалмағамбетов, Масғұт Халиоллин, Садық Таласбаев, Хамза Ахметов, Дәния Омашева, Сағат Батырханова, Галина Балбекова, Майя Привалова, Насыр Әуезов, Марбтек Тоқмырза, Айтбала Сүлейменова, Ерлан Төлеутай, Жәніс Сармурзин, Меруерт Әбділиева сияқты редакторлар. Сондай-ақ, алтын қорда шаттан тыс хабар жүргізуші: Теміртау Хамзабаев, Ризалық Өкпенов, Тілеуғалы Әміртаев, Заркын Тайшыбаев, Өмірзақ Амантаев, Сламбек Жұмағалиевтің әзірлеген бағдарламалары сақталған.

Телевидение – ұжымдасып жұмыс істеді қажет етеді. Эфирге шыққан кез келген материалда редактор мен режиссердің, кинооператор мен монтажердің және дыбыс режиссері мен телеоператордың қолтаңбасы бар. Осы мамандық иелері: С.Жаныбаев, К.Құдабаева, М.Байжанова, Ю.Лелюк, Ә.Сексенбаев, М.Сүлейменов, Ә.Айтымбетов, Қ.Әлиев, М.Ғабдуллин, А.Уташева, Р.Әпсәлімова, Р.Ысқақова, О.Кузменко, С.Мұстафина, Н.Метелов, Г.Шилляева, В.Мартюшина, Н.Әліпбекова, Қ.Танатаева және бас инженер В.Амоцаев, суретші-декоратор О.Безуглова, бағдарламаның жауапты шығарушысы К.Темірбаевалардың қосқан



Теміртаудағы Металлургтер мәдениет үйі орналасқан көше көрінісі

үлесі қомақты.

Бұл күндері кеншілер қаласында жергілікті жекеменшік телеарналар жетерлік. Бірақ, солардың ішінде «Saryarqa» телеарнасының шоқтығы биік, мәртебесі жоғары. Еліміздің ең ірі медиахолдингі «Қазақстан» ұлттық арнасының филиалы болып саналады. Мемлекеттік арна болғандықтан, түрлі жанрдағы қоғамдық-саяси бағдарламаларға ерекше басымдық берілген. Тәулігіне 14 сағат бойы, аптасына 7 күн эфирге шығатын хабарларға жоғарыдағыдай міндеттер жүктеліп отыр. Бұған дейін әр жылдар «Қарағанды», «КарТВ-3», «Қазақстан-Қарағанды» – деп аталып келген, бүгінгі «Saryarqa» («Сарыарқа») теледидарының ұжымы сан алуан тақырып пен жанрды қамтитын 30-дан астам өз бағдарламасын дайындайды.

Әсіресе, аймақ айнасына айналған қазақ және орыс тіліндегі «Жаңалықтар» редакциясының қызметін ерекше айтқан жөн. Кезінде қолына қалмақас мен микрофонның қоса ұстаған Шәмшит Қалмағамбетов, Садық Таласбаев, Клара Долдинова, Миртай Ақполақов, Владимир Дайко сияқты әріптестеріміз жаңалықтың жаршысы бола білді. Қазіргі кезде журналистер облыс көлеміндегі күнделікті соңғы жаңалықтарды әр үш сағат сайын көрерменге жеткізіп отырады. Заманауи техниканың жетістіктерін пайдалану

үшін оларға барынша жағдай жасалған. Тілшілер дайындаған жаңалықтар бір рет қазақ және орыс тілдерінде сурдоаударма арқылы беріледі. Облыс тұрғындарының 100 пайызы «Жаңалықтар» бағдарламасын «Спутниктік» жүйе арқылы көре алады. Өңірде тек біздің жаңалықтарымыз тікелей эфирге шығады. Сондай-ақ, бізді «Оттау ТВ» арқылы немесе арнайы ашылған www.saryarqatv.kz сайты арқылы Республика көрермендері де тамашалайды.

Осы күнге дейін облыстық телеарнаның төріне шығып, төраға болғандардың саны онға жетіпті. «Жақсы адамдар ғана, жақсы басты бола алады», – деп Жүсіп Баласағұн айтқандай, олардың да өзіне тән қолтаңбасы қалды. Атап айтсақ, Қали Аманбаев, Қасымжановтан кейін он жылға тарта ұжымды басқарып, мол еңбек сіңірді. Енді ғана өз сүрлеуі қалыптаса бастаған Қарағанды теледидарының проблемалары ол кезде жетерлік еді. Оның онтайлы жолдарын қарастырып, Қалекен қиындықтан шыға білді.

Әлжан Кенжебаев үш жылдың ішінде бағдарламалардың санын арттырып, хабарлардың таралымын ұлғайтты. Жастарды көбірек жұмысқа тартты. Он жыл төрағалық тізгіні ұстаған Степан Тимофеевич Путнев те жайлы креслоға жайғасып, құр қарап отырмады. Алдымен, кадр мәселесін қолға алды. Телестудияның ішкі құрылымын жаңартып, бірнеше жаңа автокөлікке қол жеткізді. Бұдан соң, ұжымды басқарған Димитрий Павлович Телегин жеті жыл тер төкті. Нәтижесінде, редакторларға жақсы жұмыс істеу үшін, жағдайлар жасады. Ол кездерде кинопенклармен

төрт жыл төраға тағына отырды. Алдымен, «Жаңалықтар» редакциясына көңіл бөліп, жұмысын барынша жандандырды. Көлемді бейнесюжет пен шұбалаңқы сөз тіркестерін қысқартып, мәтіннің сапалы болуын талап етті. Қызметкерлердің қордаланып қалған тұрғын үй мәселесін шешіп, үш жылдың ішінде 10 адамға тегін үй әперді. Жыл соңында барлық қызметкер алғаш рет қаржылай көтерме сыйақы алып тұрды.

Бұрынғы Жезқазған облыстық теледидарының директоры болған, Сәбит Байдалы 1997 жылы Қарағандыға келіп, телеарнаның тізгінін ұстады. Тәжірибелі басшы, барлық мәселе қаржыға тіреліп тұрғанын, ол үшін демеушілер керектігін еске салды. Өзі бастап, журналистер қостап, «Валют-Транзит», «Испат-Кармет», «Қазакмыс» сияқты алауыт кәсіпорындармен сөз байласты. Нәтижесінде, аталмыш компаниялар туралы хабарлар мен жарнамалық бейнесюжеттер ұдайы берілді. Одан түскен ақшаға екі киловаттық телехабар тарататын қуатты қондырғы, бірнеше компьютер және үш кинокамера сатып алынды. Солардың арқасында телехабарларымызды шалғайдағы ауыл тұрғындары көре бастады.

Әбдіжапар Әбдіқимов бес жылдай басқарған кезде, телекомпанияның 3 жылға арналған концепциясы қабылданды. Ғаламтор жүйесі іске қосылды. Әр жексенбі күні кешке «Апта» атты қорытынды ақпараттық бағдарлама шығып тұрды. Бұдан басқа да ұлттық рухымызды ұлықтап, тіліміз бен тарихымызды және салт-дәстүрімізді насихаттауға арналған бағдарламалар саны көбейді. Ол жылдары еліміздегі экономикалық жағдайлардың қиындығына қарамастан, Өбекте телеарна ұжымының ай сайынғы еңбек жамағына уақытында алуына мүмкіндік жасады. Қаржы ташылығына қарамастан журналистер іссапарға уақытылы шығып тұрды.


Қазіргі телеарна басшысы Берік Дүйсетов көптен бері жемісті еңбек етіп келеді. Аткарған істері – ауқымды. Алдымен, тұралап қалған филиалдың материалдық-техникалық базасын барынша жаңартты. Бағдарламалардың көрсетілу сапасын жақсарту үшін, бірнеше шетелдік қондырғы сатып алды. Қаражат табудың механизмін дұрыс пайдалана білді. Осындай мүмкіндіктерден соң, шығармашылық ұжымға талапты барынша күшейтті. Ол өз нәтижесін берді. Бір сөзбен айтқанда, республика филиалдарының арасында соңында келе жатқан телеарнамызды көш басына шығарды. Қазір біздің арна он жылдан бері Ұлттық корпорация бойынша үздіктер қатарынан тұскен емес.

Білікті басшы кадр мәселесін де дұрыс іріктеп, кәсіби мамандардың қатарын білімді жастармен толықтырды. Осында жұмыс істеп, тәжірибе жинақтаған 24 журналисіміз республикалық газеттер мен жетекші арналарда, тіпті, шет елдерде меншікті тілші болып істеп жүр. Бекең келгелі бері 32 қызметкер облыс әкімінің «Алтын Сұңқар» сыйлығына ие болды. Тұңғыш рет телеарна тарихынан сыр шертетін мұражай ашылды. Автокөліктер жаңартылып, енселі ғимарат күрделі жөндеуден өтті. Мыңдаған ескі кассеталардағы материалдар көшіріліп, цифрлық жүйеге енгізілді. Айта берсек, жетістіктер жетерлік...

Жалпы, телевизия – үлкен идеологиялық күш, стратегиялық маңызы зор құрал. Біздің басты міндетіміз – мемлекеттің сындарлы саясатын ақпараттық жағынан объективті қамтамасыз ету. Қорыта айтқанда, 65 жылдан бері көрерменнен көз жазбай келе жатқан Қарағанды облыстық телекомпаниясы – қазір республикамыздағы алдыңғы қатарлы қарашаңырақтың бірі.

Әлі ТОЙЖІПТОВ,
облыстық «Saryarqa» телеарнасының ардагері, Қазақстанның Құрметті журналисі, ақпарат саласының үздігі, ҚР Мәдениет қайраткері

Жастарды қолдау – басты міндет



РЕФОРМА – ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы жөніндегі кеңесте «Халықты, жастарды жұмыспен қамту – Үкімет үшін маңызды міндет» деп жастарға ерекше назар аударды. Жастарға сапалы білім берумен қатар еңбек нарығында да үлесін арттырудың маңызына тоқталды. Әрі жастар бастамасын қолдауға 40 млрд. теңге бөлініп, аймақтарға жолданғанын, бизнес саласындағы үздік жобаларға конкурс жарияланатынын жеткізген болатын.

Сағыншы ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Қазір еңбек нарығында жастардың үлесі артып келеді. Үкіметке және әкімдерге 2030 жылға қарай 3 миллион 300 мың адамды жұмысқа тұрғызу туралы тапсырма берілді. Оның 2,2 миллионы жастар болуы тиіс. Жаңа жұмыс орындары уақытша емес, тұрақты болғаны жөн. Аймақтарда жұмыспен қамту карталары бекітілген. Соған сәйкес жыл сайын шамамен 950 мың адамға жұмыс тауып беру көзделген. Ол үшін бюджеттен 130 миллиард теңге бөлінді. Осы қаржының арқасында, яғни субсидия арқылы 150 мың адам жұмысқа орналасады. Оның бәрі – жастар және әлеуметтік тұрғыдан осал санаттағы азаматтар, – деді Мемлекет басшысы.

Жастарды қолдауға жүзеге асып келе жатқан жобалар тың бастамалардың бағыт алуына жол ашады. Осы орайда, өңірде жастардың әлеуметтік бастамаларын қолдау мен олардың жұмысқа орналасуына зор қолдау көрсетілуде. 14-34 жас аралығындағы жастардың саны – 325 мың 201, яғни өңір халқының 28,4%-ын құрайды. Оның ішінде – 251 мың 427 жас қала халқының, 73 мың 774 жас ауыл тұрғындарының қатарын толықтырып отыр.

Жастар саясаты мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болғандықтан жастардың әлеуметтік бағыты мен өмірлік бағдарын анықтауда әлеуметтік зерттеулер жүргізіліп отырады. Нәтижесінде, олардың қай салаға икемі бары және қандай әлеуметтік қолдаулардың сұранысына сай екендігі анықталып, қажетті іс-шаралар жоспары жасалады. Өңір жастары арасында анықталған зерттеу нәтижелері олардың 90,2%-ның мемлекеттегі жастар саясатына көңілі толандығын көрсеткен. Яғни, жастарды қолдауға жүргізіліп жатқан кешенді жобалар мен бағдарламалар оң нәтижесін беруде.

Кейінгі жылдарда қолға алынған NEET жастар жобасы олардың әлеуметтенуіне ықпал етті. Өткен жылдың қорытындысы бойынша аталмыш жоба аясындағы жастар үлесі 8,6%-ды құрады. Яғни, 2021 жылмен салыстырғанда 1,3%-ға төмендеген. Сондай-ақ, өткен жылдың қорытындысында жұмыссыз жастар көрсеткіші 4,5%-ды құрады. Жұмыссыз жастар санын азайту, жұмыссыздық деңгейін тұрақтандыру мақсатында кәсіпкерлікті дамыту ұлттық жобасы жүзеге асады. Биыл өңірдегі 8 мың 143 жасты аталмыш жоба аясында жұмыспен қамту көзделуде. Бүгінде өтінші білдірген 2 мың 758 жастың 1 мың 903-і жұмысқа орналасып, 105 адам «Жастар практикасына» жіберілген. 517 жас «Бастау бизнес» жобасы арқылы кәсіпкерлік негіздерін оқуда.

Биыл «Дипломмен ауылға» жобасы аясында көтерме жәрдемақыны 35 жасқа дейінгі 112 маман алды. Мұндағы жастардың үлесі – 95 пайыз.

– Сондай-ақ, өңірде жастардың бизнес жобаларын қолдауға мақсатты гранттар бөлу тәжірибесі енгізілді. 2023 жылы облыс әкімінің, қалалар мен аудандар әкімдерінің гранттарының жоспарланған бюджеті 256,0 млн. теңгені құрайды (облыс – 100 млн., қалалар мен аудандар – 156,0 млн.). Былтырғы жылмен салыстырғанда 20 млн. теңгеге арты, – дейді облыстық жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарма басшысы Рауан Таран.

Қоғамдағы басты мәселенің бірі – жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қала балаларды баспанамен қамтамасыз ету. Өңірде де бұл мәселе өзекті. 2020-2022 жылдар аралығында 480 пәтер берілген. 2023-2027 жылдар аралығында 470 пәтер беру жоспарланып отыр. Сонымен қатар, жас мамандарға өңірлік ипотека бағдарламасы іске асырылуда. Биыл бұл бағдарламаның шарапатын Саран, Балқаш, Теміртау қалаларындағы кәсіпорындарда еңбек ететін жастар көрмек.

Ынтымақты Ыстыбұлақ

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Қонырат (қазіргі Ақтоғай) ауданының басқа да тұрғындарымен қоса аяққа күйған ағай, шағын ғана Ыстыбұлақ ауылының да (қазіргі Қарамеңде би ауылдық округінің жерінде) әскерге жарамды азаматтары майданға аттанды. Ауылда қалған қарттар мен әйелдер, жас балалар шаруашылықтың жұмысына жегілді. Күндіз-түні бел шешпей жүріп, еңбек етті. Күні бойы жұмыста жүргеніне қарамастан әйелдер кешке қарай майдандағы жауынгерлерге қолғаптар мен ұйықтар тоқыды. Балалар оқуын тоқтатып, көктемде егін салғанда, жаз бойы шөп шапқанда, күзде егін орғанда өгіздің басына мінеді, қыста қойдың қиын ойған кезде оны сыртқа тасумен айналысады. Малға шөп салады. Бір сөзбен айтқанда күні бойы тыным таппайды. Әбден шаршағандықтан, шөп машинасына жеккен өгіздің басындағы бала ұйықтап кетіп, құлап түсетін жағдайлар жиі болады екен. Балалар оқуын тоқтатады. Өйткені, оқытатын адам болмай қалады. Ауылда үлкендер мен балалардың сауатын ашып жүрген Уақап Жанысбаев 1941 жылы әскерге алынып, бір жылдан соң хабарсыз кетеді.

Ауылдан қан майданға аттанғандар ішінде Шәкәрім Сәменов (1905 ж.т.), Қайдарбек Сәменов (1908 ж.т.), Бекен Байбосынов (1910 ж.т.), Кәрібай Байбосынов (1921 ж.т.), Мәдібек Ырысбеков (1905 ж.т.), Сәдібек Ырысбеков (1908 ж.т.) сияқты ағайындар, сол сияқты Уақап Жанысбаев (1913 ж.т.), Амантай Қарашолақов, Молдахмет Жексенбеков, Кенжалы Тәтиев, Уәлихан Жүмәділов, Рақымберлі Спанбетов, Құсайын Оспанов, Мұқажан Дыңғырғар елге қайта оралмай, қаза тапқан немесе хат-хабарсыз кеткен.

Қан майданда жараланып елге оралған Мәкет Кенжетәев, Жұмабай Жаманбалин, Төлеухан Хамитов,

Мейірхан Кенжебаев, Түсіп Оспанов, Мұсаһан Төлеубаев, Әннас Төлеубаев, Бейсенбек Смағұлов, Қалиасқар Өрікбаев, Әнуарбек Төртбаев, Біләл Дүйсебеков, Қабиден Нұрәлин, Мұхамметқали Төлегенов, Ахметқали Төлегенов, Нұрғали Төлегенов, Ыдырыс Оспаналин, Разақ Таңақов, Айтбек Түсіпбеков, Қапас Түсіпов, Дәкен Белдоңғаров, Мұштарбек Сәменов, Әубәкір Төлеубаев, Қойшыбек Жағыпаров кейіннен өмірден өтті. Әрине, соғыстан алған жарақаттың салдарынан көз жұмғандары да бар. Негізі «Қызылжар» колхозында соғыстың алдында 51 шаңырақ болған екен. Соғысқа 31 адам, еңбек армиясына 11 адам алынған. Солардың ішінде, 15 адам

майдан даласында мәңгілік қалды. Оралғандардың көпшілігі мүгедек болып келіпті.

Бұған қоса, Тоқырауының төменгі Балқашқа құяр сағасындағы Дуанши, Дересін, Қарасу ауылдарынан «Егінші» және «Еңбек» колхоздарына қоныс аударылғандар арасында да соғысқа алынып, қан майданда қаза тапқандар мен хабарсыз кеткендер, соғыстан жараланып оралғандар аз болған жоқ. Солардың ішінен Тәжібай Бошанов, Іңкәржан Жақсылықов, Мұхамбетбек Бажкеев, Әзір Әмірханов, Смайыл Қамашев, Жақаш Жантілеуов және басқалары жараланып оралғандар еді.

Мәселен, Әзір Әмірханов ақсақал болса, міндетті әскер қатарына 1936 жылы алынып, ақ финдермен соғыспен басталған Екінші дүниежүзілік соғыс майданына қатысып, елге 1946 жылдың соңында ғана оралған. Соғыс кезінде Қазақстаннан солдат алып кетуге екі рет келіпті. Қатардағы жауынгер дәрігер жетпейтін кезде госпитальда дәрігерге көмекші болыпты. Соғыс кезінде аяғынан жарақат алған. Кеудесіндегі оқтың жарықшағы өзімен қоса кетті. Ауылда бригадир, агроном және басқа да қызметтер атқарды. Көптеген марапаттарға ие болды.

Екінші дүниежүзілік соғыс ардагерлерінің бірі Тәжібай Бошанов ақсақал еді. Талай майдангерлік жолдан өткен қатардағы жауынгер жарылғыш заттарды іздеуші сапер болыпты. 1943 жылы немістің жаңадан жасалған жарылғыш құралын залалсыздандыру кезінде екі қолынан бірдей айырылып, бірінші топтағы мүгедек болып қалған. Соғыстағы ерлігі үшін «Қызыл Жұлдыз» орденін екі рет алған,



Уақап Жанысбаев

бірінші дәрежелі «Отан соғысы» орденімен және бірнеше мерекелік медальдармен марапатталған.

Әубәкір Төлеубаев ағамыз болса, 1938 жылы Қарқаралы педтехникумын ойдағыдай тәмамдады. Оқуын бітірген соң әскери борышын өтеуге аттанады. Әскери міндетін Монғолияда өтеп, үш жылдан соң елге оралар шағында соғыс басталады. Әуелі ақ финдермен соғысады. Одан соң Германиямен ұрыс басталып, ел басына түскен сұрапылдың аяғына дейін қатысып, 1945 жылы екінші мамырда Берлин қаласына кіргендердің ішінде болған. Сұрапыл соғыста зеңбірекшілер рәсметінің командирі болды. Украина, Белоруссия, Балтық жағалауы республикаларын, Ярославль, Севастополь, т.б. қалаларды азат етуге қатысқан. Одан соң, соғыстың соңғы ошағы Жапонияны тізе бүктіреді. Сөйтіп, үш майданның солдатты «Қызыл Жұлдыз», «Даңқ» және екінші дәрежелі «Отан соғысы» ордендерінің, бірнеше медальдың иегері болды. Кейінгі бейбіт заманда Ақтоғай ауданының бірнеше мектебінде мұғалім, мектеп директоры және аудандық халыққа білім беру бөлімінің меңгерушісі қызметтерін атқарды.

Соғыс жылдары «Қызылжар» колхозы және Тоқырауының

төменгі, Балқашқа құйылысын жайлаған Дуанши, Қарасу, Қарабұлақ, Ортадересін ауылдарынан еріксіз көшіріліп әкелінгендер «Егінші» және «Еңбек» колхоздарында ауыл шаруашылығын өркендетуге үлес қосып жатты. Жұмыс қиын, еңбек ауыр еді. Барлық жұмыс қолмен атқарылады. Колхозшылар таңның атысынан күннің батысына дейін жұмыс істеді. Сол еңбегі үшін алатын табысы да мардымсыз болатын. Аткарған жұмысына еңбеккүн есептейді. Ол еңбеккүн үшін орылған астықтан бидай ғана береді. Күні бойы жұмыста жүрген олар кешке үйлеріне оралысымен, оттың жарығымен (ол кезде шам да жөнді болған жоқ) еңбеккүнге алған бидайын тазалайды, оны кептіреді де түктейді. Түктеген соң қайтадан кептіреді де, қол дірменмен үн етіп



оларға аузындағысынан жырып беріп отырды. Ыстыбұлақта бірнеше неміс отбасы болған еді, олардың көбісі басқа жаққа көшіп кетті (мүмкін көшіріп әкеткен шығар). Солардың ішінде, апалы-сінділі Фрида мен Ирма 1954-1955 жылдары Ақтоғайға көшіп кетті. Кішісі Ирма мылқау еді, оған барлығын әпкесі ыммен түсіндіретін. Олар ауылдың қандай жұмысы болма-сын арланбай істейтін. Олардың сол кездегі кіп-кішкентай балаларының барлығы да ержеткен, үлкен азаматтар болды.



Колхоз басқармасы Қойшыбек Жағыпаровтың отбасы

тартады немесе қуырып тартып, талқан жасап, талғажу етеді. Сол кездерде бір-бірінің үйінен от жағу үшін шоқ сұрап жүргендер де болды. Өйткені, от жағатын сіріңкеңің өзі де жоқ еді.

Сол жылдарда ауылда Волга бойынан депортацияланған немістер көп болды. Өздері аш отырса да, бір бөлмесіне соларды енгізіп,

Міне, біздің алақандай ауыл Жеңіс күнін жақындату үшін осындай үлес қосқан болатын. Бұл біздің ынтымағы жарасқан жалғыз Ыстыбұлаққа ғана емес, бүкіл қазақ ауылдарына тән жағдай еді.

Сүйіндік ЖАНЫСБАЙ, жазушы, Қазақстанның Мәдениет қайраткері



Қабиден Нұрәлин әскер қатарында

Ерлігін Жуков білген Темірғали

Әрбір адамға оның кім екенін, оның ата-бабаларының кім болғанын білу аса маңызды. Өйткені, қазақ мемлекетінің тағдыры әрбір отбасына байланысты. Адам кетеді. Тұтас толқын ауысып жатады. Алайда, оның барлығына тарих күзлік қалдырады...

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Жұмаш әулетінен сол уақытта бірыңғыра боздақ майданға бет алды.

Ақын Тұрсын Жұмаштың әкесі Темірғали Жұмашев елге офицер шенімен оралды. «Ерлігі үшін» медалінің иегері атанды. Бұған қоса ІІ дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» ордені де еніпте қосынды. Сонымен, соғыс бітті. Туған жеріне оралған офицер 1951 жылы Н.Крупская



атындағы Семей педагогикалық институтының филология факультетін тәмамдап, ұстаздық жолын жалғастырды. Әу баста орыс тілінен сабақ берген ол кейінірек оқу ісінің меңгерушісі, одан соң Егіндібұлақ ауданы, «Арқалық» совхозы, «Шәптікөл» бөлімшесінде мектеп директоры болып қыз-

мет атқарды. Өмірлік жары Қазиза Мұздыбаева да сонау бір зобалаң жылдарда тыл майдангері болған. Жарымен бірлесіп жүріп ұрпақ сүйді. Шәкірт тәрбиеледі. Мағыналы ғұмыр кешті. Десек те, соғыс майданында жеті рет жараланған сарбаздың денсаулығы сыр берді. Елдің қамын ойлаған асыл ер 1967 жылы 47 жасында дүниеден озды...

Киев Еңбек Қызыл Ту орденді №141 Б.Хмельницкий атқыштар дивизиясы кезекті ұрыста барын салды. Батыс Левиданың Грон өзеніндегі неміс қорғанын бұзу оңайға соқпағаны анық. Командир Темірғали Жұмашев шешуші сәтті пайдаға асыруды байыппен ойлады. Айқастан көздеріне қан толған взвод солдаттарына сыйай қарады да әнтек қабағын керді. Блиндажда отырған серіктеріне:

– Бізде уақыт аз. Жаудың траншеяларын қалайда басып алсақ, күш біздікі, – деді картаға қарындашының ұшын тигізіп.

– Жолдас командир, солдаттар шаршады, көмек әлі келмеді. Асауақ та тапшы. Жауынгерлердің көңілі сынық. Біз оларға рух беру үшін нендей шара қолданатынымызды ойластыруымыз керек. Психологиялық дағдарысқа түскен сарбаздарды оята аламыз ба?, – деген сержанттың сөзін Жұмашев келтесінен қиды.

– Халық маған оларды тапсырғанда «еті сенікі, сүйегі менікі» демеп пе еді? Отставка! Не деп тұрсындар?! Қысқасы, бір жұмада жаудың қамалын бұзамыз. Әскери операция «Жұма» деп аталады. Сарбаздарды үш топқа бөліндер. Біз дәп ортада боламыз, – деп үстел үстіндегі күрең шайдан бір ұрттап қойды.

Ұрыс алаңы. Көздеген траншеяларды басып алу мүмкіндігі тұды. Шепте тұрған бес неміс пулеметшісі көздеп атқан оқтан қаламтай ұшты. Қалған 14-15 шақтысының ыңырысқан дауыстары аспан астын азан-қазан қылғандай. Осы картинаны көрген қалғандары жан сауғалап, әлгі жаралылар мен қолдарындағы үш пулеметті де тастай қашты. Көп ұзамай жау өзенге қарай ауысып шабуылды бастап еді, командир Жұмашев сол қаптал-



дағы бөлікке команда берді. Бұғып жатып тынығып алған сарбаздар оқты қарша боратты. «Енді естерін жиғызбау керек» деген ой. Енді естерін жиса, сытылып кететінін сезген ол дереу төбе көрсетіп «Отан үшін! Алға!» деген қысқа ұран тастады да өзі алғы шептен жүгіре жөнелді. Басысынан мұндай шалт қимылды күтпеген өзгелері жапатармағай «Урра! Отан үшін!» деген ұрандармен лап қойды...

Темірғали әскерін сапқа қайта тұрғызды. «Жолдастар, тойтарыс тегеурінді болды. Дұшпанның ротасы күйреп тынды. 22 гитлершінің жаны жаһаннамға кеткен екен. 7-еуі қолда. 3 станок және 1 қол пулеметі жарамды күйде тәркіленді. Қазір

біздер Ваг өзенінің батыс жағалауындағы неміс қорғанысына иелік еттік. Бұл соғыс стратегиясында өте маңызды. Осы арқылы біз ендігі жаяу сарбаздардың қатерлі өткелден мүдірмей өтіп, жау шебіне атой салуына көмек қылдық. Енді аз-кем аялдаудан соң біздің нысанамыз Малацки шаһары болмақ. Ел сенімін ақтағандарыңыз үшін, бөріңізге алғыс жариялаймын», – деп сөзін тыя қойды. Командир ендігі әрекеттерді блиндаждағы картасына тесіліп, ұзақ ойланды.

«Біз мылтық ұстап, соңына овчарка еркендерді сабасына қалай түсірсек екен? Осы жолы тактиканы ауыстыру керек. Біз осы жолы траншеяның күшін пайдаланамыз» деп ішкі ойын бір түйіп қойды.
Қырық бестің бесінші сәуірі. Взвод траната жаудырып, жау адымын алдыға бастырмай қойды. Қорғаныста отырған фрицтер қайтерін білмей дағдарды. Алағай шақты пайдаланған қызыл әскер 9 немістің көзін құрттып 15-ін қолға түсірді. Командир Жұмашев анысын аңдып, өзі 3 фрицті тірідей олжалады.

– Жолдас Жуков, біздің батыстағы әскеріміз қанжығасын қанды қылды. Малацки қаласы – бізде!

Осыны жеткізуге рұқсат етіңіз, – деді майор Кузнецов телефон тұтқасына.

– Жолдас Кузнецов, құттықтаймын. Біз әрі қарай өте алатынымызға сенімдісіз бе? – деген маршал дауысы естілді ар жақтан.
– Командир Жұмашевтің взводы сенімді ақтады. Бірақ, адам шығыны да жоқ емес. Меніңше, олар ештеңе ес жиып алуы керек. Жұмашевтің тактикасы Рокоссовский командасынан өзгереді. Олар қолдағы бар мүмкіндіктерді сараптап алып, солдат жанын үнемдеп қана қоймай, дала мен кеңістікті шебер қолданады. Қанша айтқанмен, азиаттардың ұрыс өнеріне тамсануға болады.

– Поздравляю! Бұл жерде командиріңіз көңіі секілді. Естугімше тірідей тұтқын олжалаудың шебері екен. Командир Жұмашевті не істейміз, жолдас майор?

– Жуков жолдас, Жұмашевті өзге фронтқа жіберуге қарсымын. Үйренген жерінде жалғастыра берсін. Оны Мәскеуге алдырып, ІІ дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» орденімен марапаттауға ұсыныс хат жазамын.

– Сіздің сөзіңізбен келіспеуге болмас, мен ұсынысыңызды қабылдаған бетте Калинин мен Сталин жолдасқа хабарлаймын, – деп соғыс маршалы телефон тұтқасын қоя салды.

Шөкен Жұмашев (ел кезінде қайырымдылығына бола Шөлә деп атап кеткен) еді. Жігіт кезінде неміс ақ майдан даласына жазылды. №49 атқыштар полкінің құрамындағы сайыпқыран сарбазға айналды да кетті. Негізінде айта кету керек, Шөлә әкеміз ол кезде әскер жасына сай келмеген, тым жас еді. Тағдырдың жазуымен кескілескен бір ұрыста оң қолынан жарақат алған. Госпитальда жатқан бозбала жігітті көрген әскер басылылығы «тым жас, әрі қолы жарамайды» деген шешіммен елге қайтаралы. Туған жерге келген соң 1950 жылы Семейдің қаржы техникумын тәмамдаған. Кейінірек Абыралы ауданы Қайнар селосында аудандық қаржы бөлімінің

маманы, Егіндібұлақ, Ақтоғай аудандарында банкінің басшысы, сол кездегі Егіндібұлақ ауданының тұтынушылар одағының, кейінірек тұрмыстық коммуналдық шаруашылық мекемесінің басшысы секілді түрлі қызметтерді атқарып, жемісті еңбек етті. Қарағанды облысы, бұрнағы Егіндібұлақ ауданында Ғалия жеңгемізбен тоғыз бала өсіріп тәрбиеледі. Еліне қадірлі азамат болды. Өкінішке



қарай өмірден ерте озды. Биыл Ғалия жеңгеміз бақылық болды.

Осы әулеттен майданға аттанған тағы бір сарбаз Көкен Жұмашев – 1943 жылы хабарсыз кеткендердің қатарында... Негізгі мәлімет «Боздақтар» кітабының І томында жинақталған. Тек «Калининград қаласындамыз. Соғыс басталамақ. Пулеметім сақадай сай...» деген жалғыз ауыз үшбу хат қана қалғаны...

Мінекей, санамызды сартап еткен сәл сағыныш қолымызға қауырсын алғызды. Негізгі жеке жеңістің ел үшін жанын берген ұрпаққа тәлім берген осы бір есімдерді қағаз бетіне қалдырып өнеге қылу ғой. Әулеттің шерлі күндердегі шежіресі осылай өрбіді...



• ТАҒЫМ

Көзден кетсе де, көңілден кетер емес...

Мамырдың бесі күні есімі орталық өңірге етене танымал болған, отандық білім саласына ерен еңбек сіңірген, оның кемшісін бүтіндеп, көмбесін толтыруда ересен үлесін қосқан Құралбай Несіпбекұлы Меңлібаев жетпіске толар еді. Осыдан қырық күн бұрын оралмас ұлы көшке ілесіп жүре берді-ау.

Қайран Құралбай аға! Ауруды алтын төсек те жаза алмайтыны шындық екен. Көкірек-көңілінде бар берерін сарқып кетті дей алмаймыз, айта алмай қалғаны, бере алмай кеткені көп екені тағы да белгілі жайт. Өкініретіні де осы. Отбасы, туған-туыс, жора-жолдас, әріптестер ортасы бір күнде ойсырап қалды. Айналасының алтын дінгегі, алып тірегі еді. Алдыңғы толқын ағалары да, кейінгі толқын інілері де асыл азаматынан қапыда көз жазып қалды. Өмір дегенің есікті ашып-жапқандай екен. Кіріпінді қакандай екен. Жарқ еткен бір сәуледей екен. Жетпісін жетегіне енді ғана алып, ақсақалдықтың ауылына ат басын бұрған, атаның емес, адамның баласы болған тұста ағамыз пәниден бақиға өтіп жүре берді-ау. Уақыт кімді жықпаған абайсызда. Соған қырық күн өтіпті, міне.

Рухани аға алдында ізбасар іні атаулының бір парызы болады. Ол – інілік парыз. Ешкім тасқа басып, қолыңызға ұстатпаса да, жүректен, санамен сезініп, ынта-ықыласпен орындалуы тиіс – қастерлі парыз. Біз сол інілік парызымызды қаншалықты өтей алып жүрміз? Өтей алдық па? Қым-қиғаш, қым-қуыты мол мынау күрбей де дүрбелең мына тірлікте ол парыз туралы ойнылып көрдік пе?! Ғұмырымызда қандай қызық-қуаныш бар, небір жақсылық, жылылық бар, соның барлығы алдымен алға ұстатпағандар арна тартады емес пе?! «Ағасы – алтын тонның жағасы» немесе «Ағасы бардың жағасы бар» дейтін қазақы болмыстың сөз тегін айтылмаған-ау. Қырық күн бұрын қайтып керуенге ілесіп, тірлігінде рухани ағамызға айнала білген, қандай да бір құрмет-қошеметке лайық Құралбай аға Несіпбекұлы Меңлібаев туралы бір ауыз сөз айтқымыз келді. Қайда жүрсе де елдің ықыласына бөленіп, адамға, әріптесіне, шәкіртіне қызмет етудің ерен үлгісін көрсетіп өткен Құралбай аға алдындағы інілік парызы өтеудің бір парасы ғана деп ұғыңыздар мұнымызды.

Құрекеннің барша ісі қасында қызмет істегендер үшін – өшпес өнеге, озық үлгі. Мінезі жұмсақ ректорды бұрын-соңды көрмеппіз. Ешқашан мұқалуды білмейтін, жасмайтын, қайта қайраттана түсетін қажырлы адам еді. Сұңғақ қалпы қандай биік болса, ішкі дүниесі де далаған қазақ даласындай шексіз, кеңтұғын. Бұл күні кемелденіп, қатарға қосылып, жағамыздың жайлау болуына сол «алтын тонды жағамыздың» тек қана шелектеп төккен терінің, жүргенің екінің бірі «кем-кетік көрсетпей, жақындай тең ұстап, бүгінгідей қызметімізді ойдағыдай, талап еткендей дөңгелетіп отыруымыздың артында сол кісінің қажырлы еңбегі жатыр» деуінің астарында ағаны алқаусыз мойындауы бар, осының өзі ағаның адамдық болмысы жөнінде көп нәрсені аңғартса керек. Қолынан келгенше оқытушы түгілі, студентіне көмек көрсету, жәрдем жасау ағамыздың өмірлік қағидасы-тын. Кең пейілімен, шын ниетімен көмектесер еді. Шәкірттерін жасаған көмегі бір төбе, айтып жеткізе алмайсыз. Қарағандының Педагогикалық институтында, университетінде, академиясында жүріп мыңдаған шәкірт тәрбиелеп шығарды. Кешегі қайтқан күні толас таппай ағылып келіп көңіл білдіруі соның айғағы. Қиынның қиығына ілінген кезінде де берген ақылы, сілтеген жолы – сара еді. Өзінің денсаулығына қарамай, біздің денсаулығымызды қүйтетітін, жарықтық. Қар астында қақпан

жатарын қайдан білейік.

Арғы тегі – ескі Тараз мекеніндегі ұйысқан сарыүйсіндерден тараса да, Құралбай аға Несіпбекұлының есімі Қарағанды жұртына етене мәлім.

Мен бүгін Құралбай ағамыздың азаматтық қасиеттері, ілкімді істерінен бұрын, оның жазып кеткен ойларына үңілгім келді. Дұрысын айтсақ, арғына қалдырып кеткен көп мұрасының тұңғық тұстарына ой жүгіртсем деймін – онымен істес болғандағы 5-6 жыл көлеміндегі ұққанымыз бен танығанымыз, құп көріп қолдауымыз бен мойындауымыздың жөні. Өлі разы болмай, тірі байымас, сірә.

Ол көп жылдар бойын ұлттық спорттың жай-күйін ғылыми тездеп жазды. Қазақы тәрбиенің түп басы сонда деп білгеннен. Алпамса бойлы өзі бүкіл салада

жастардың азаматтық бірегейлігін, отансүйіштігін қалыптастырудағы жоғары мектептің ролі атты еңбегін жазып шықты. Онысын жоғары мектеп журналдары қуана басты. Онысында студенттерінің азаматтығын қалыптастыру технологиясына арнайы назар аударып, осы бағытта тәжірибе жүзіндегі түйткілді тұстарды шешуге бағытталған нақты ұсынымдар жасаған еді. Ол «жастарымыз ғана қазіргі Қазақстанның жаңа сапалы тұр-тұлғасын, болашақтың қызықты үлгі-түрдегі бейнесін, ХХІ ғасырға лайықты жалпұлттық мүдделерді қалыптастырып сомдай алады» деп үмітін үкілей білді. «Ұлттық мемлекет құру барысында туындайтын жаңа мақсат жоғары білімнің алдына жаңа міндеттер қоюы тиіс. Оларды шешу үшін жаңа ұрпақтың білім беру бағдар-



спортты таңдауы тегін еместі. Ол бір еңбегінде ұлттық спорттың патриотизмді қалыптастыру мен дамытудағы алатын орнын сөз етті. Ойларынан үзінді келтіре отырайық. Құман сөздің егесі болғанда, куә сөздің шегесі ғой.

«Патриоттық тәрбиеде ұлттық дәстүрлердің, олардың ішінде ұлттық спорттың ерекше маңызды болуы – кез келген қоғамда адамдардың жаңа ұрпағы белгілі бір әлеуметтік жағдайларда ғана емес, сонымен бірге белгілі бір ұлттық ортада тәрбиеленетіндігінде. Өскелең ұрпақ сонау ежелден кезден неғұрлым әлеуетті экономикалық және әлеуметтік қатынастардың, идеологиялық мекемелердің ықпалын сезініп қана қоймайды, сонымен бірге өзіндік ерекшеліктері бар ұлттық құбылыстардың ықпалында да өседі. Бұл құбылыстардың мәнісі: өмір салты, мәдениет және тұрмыс өзгешелігінде, ұлттық дәстүрлер мен салттарында. Сол арқылы жаңа ұрпақ ұлттық тілдің қайнарынан сусындайды. Өз халқының рухани құндылықтарына ден қояды, халықтың дағдылары мен талғамын, мінез-құлқы тәртібін бойына сіңіреді».

Енді бір сөзінде: «Ұлттық-патриоттық белгілердің, рухани құндылықтардың қорлануы, дегейі мен сапасы халықтың рухани-психологиялық қасиеттерінің – мүдделерінің, дағдыларының, машықтарының, дағдыларының, талғамдарының, т.б. көрінісі болып табылады. Жеке адамның осындай жолмен қалыптасқан ұлттық патриоттық белгілері оның қызметінен – қабылдауынан, ойлауынан, іс-әрекеттерінен, мінез-құлқынан, әдетінен білінеді» деп келелі ой түйеді. Осылай ол елдің тәуелсіз жағдайында ұлтжандылық тәрбие мәселелері негізінен ұлттық спорт дәстүрлеріне сүйене отырып, адамдарға ықпал ету арқылы ғана шешілетіндігін дәйектеді; ұлттық спорт дәстүрлері адамдарды тұма халықтың материалдық және рухани мәдениетімен ұштастырып, тарихи құндылықтарды жаңғыртатынын, өз халқына, туған Отанына құрметпен қарауға тәрбиелеу керектігін дәлелдеді; тәртіпке, парасаттылыққа және рухани ізеттілікке тәрбиелеудің бірден-бір жолы спорттық ұлттық құндылықтар, яғни ұлттық ойындар баға жетпес қазына болып табылатынын ашып көрсетті.

«Қазақстан Республикасында

ламаларын алдын ала жобалау қажет. Орта білімде А.Байтұрсынов қалаған әліппені қайта енгіздік. Бізше, жоғары мектеп те осындай бағытты ұстанғаны жөн» дейді бір кезді.

Нағыз ұстаз болғанын қалайша мойындамасын!

Ол «Жаңа замандағы адамды таны» деді. Түпкі ойының алтын әдіпті жіппен көмкері отырып, арқау еткені – Ұлы Абай болды. «Еліміз өзінің дербес тәуелсіздігін алғаннан кейін ұлттық сана-сезімнің өсуіне, халқымыздың рухани қуатының молая түсуіне кең өріс ашылды. Келер ұрпақты елің, жерің сүйетін ел жанды, отансүйіш етіп тәрбиелеу міндеті білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың басым бағыты болып табылады. Басымдық берілген бағыттардың басында қазақтың атын әлемге танытқан ұлы тұлғалардың ұлағатты істерін жас ұрпаққа өнеге ету тұрғаны анық. Сол ұлы тұлғалардың қосбасында тұрғандардың бірі – Абай Құнанбайұлы екенін ісі қазақ толық біледі. Бүгінгі Қазақстан ғылымы Абайды танып ғана қоймай, әлемге танытуда. Бұл тұрасында тек ғалымдар, ағартушылар ғана емес, мемлекет басшылары, саясаткерлер де еңбек сіңіруде». Ағаны ғалым емес деп айтуға кімнің дәгі барар екен?!

Соңғы еңбектерінің бірі Фарида апамыз Саттаровамен бірігіп жазған «Тәуелсіз Қазақстанның рухани құндылықтар жүйесі: тарих және қазіргі заман» деген монографиясы болды. Мұнда қазақ ұлты жөнінде келелі ой, сүбелі сөз, ірі пайым, кесек пікір, бәрі-бір бар. Төлтума ұлтын бір кісідей-ақ сүйіп өтті.

Ұрпағына қалдырған рухани дүниесі, сый-сияпаты бұл. Ол қалдырған телегей теңіз асыл мұра балаларына, жиен немере-шөберелеріне, кейінгі жұрағатына өлмес мұра, жол көрсетер темірқазық боларына кәміл сенімдіміз.

Жаңы жақсы адамдар байлық жинамайды, өздері байлыққа айналады. Біздің байлығымыз – Құрекендей ағамыздың гибратқа толы ғұмыры. Көзден кетсе де, көңілден таса болмақ емес. Оның ұлағатты да өнегелі өмірі ұрпақтар бойында жалғаса берері анық.

Елеужан СЕРІМОВ,
заң ғылымдарының кандидаты

• ТРЕНИНГ

Жас маманға көмек – ұстазға міндет

Мұғалім болып, мектеп табалдырығын аттаған жас маманға қашанда көмек қажет. Мектептің ішкі әлеміне енді ғана енген мұғалімнің ізденісі бұрынғыдан да арта түскені абзал. Әсіресе, алдыңғы буын ағалардан үйрену, үйренгенді қолдана білу – жас маманның мықты құралы да болмақ. Сондықтан, тәжірибелі ұстаздар мен жас мұғалім арасындағы байланыс ешқашан үзілмеуі тиіс. Осы орайда, әл-Фараби атындағы мектеп-гимназияда «Тімді сұрақтар қою арқылы оқушылардың ойлау дағдыларын дамыту» тақырыбында тәлімгерлер, мектеп мұғалімдері мен жас мамандар арасында тренинг өтті.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Тренинг барысында тәжірибелі мұғалімдер жас мамандарға кеңес беріп, оқушылармен жұмыс жасау кезіндегі маңызды мәселелерге тоқталды. Мәселен, педагог-зерттеуші Ақмарал Нұрғалиева семинар мен тренингтің айырмашылығын түсіндіріп, оқушылармен осы төңіректе жұмыс жасағанда қандай әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалану қажет екенін айтты. Ал, Алтынай Сакиева сынып ішінде қойылатын сұрақтарды екі үлкен санатқа бөлуге болатынын: ашық және жабық сұрақтармен түсіндірме жұмыстарды қалай жүргізу қажеттігін, сол арқылы сабақтарда тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану туралы ой бөлісті.

Сабақта дұрыс сұрақ қоя білу де маңызды. Күнделікті сабақ үрдісін әртүрлі тақырып аясында жеке, топтық, жұптық жұмыстар түрінде өткізуге болатыны туралы кеңестер айтылды.



Сондай-ақ, тренинг барысында жас мамандармен шығармашылық жұмыс жүргізілді. 4-сынып бағдарламасында берілген «Ғарышкерлер күніне» арналған Сырбай Мәуленовтің «Байқоңыр» өлең жолдары арқылы оқушыларға патриоттық тәрбие беру, оларды қалай оқыту қажеттігі туралы жас мамандарға үлгі көрсетілді. Алғашқы тапсырмада жас мамандар Тоты Талғатқызы мен Аружан Қаламбайқызы

«Бесжұлдыз» макегін қолдана отырып, сабақтың тақырыбын ашу үшін түрлі сұрақтар қойып, әр мұғалімді белсене қатыстырып, тапсырманы тыңғылықты орындап шықты.

Түрлі сұрақтардың төңірегінде дайындалған «Миға шабуыл» әдісімен сурет бойынша төрт жол өлең құрастырып, құрастырған өлеңдерін акынның өлең жолдарымен салыстырды.

Тренинг соңында педагогтер өз ұсыныс-тілектерін, пікірлерін жазатын, кері байланыс жасайды. Аталған шараны өткізуге жетекшілік еткен әл-Фараби атындағы гимназия директорының Бейінді оқыту жұмысы жөніндегі орынбасары Айкүміс Бейсембина тренингке қатысқан мұғалімдерге және жас мамандарға алғысын білдіріп, шығармашылық табыс тіледі.

Отчет ТОО «АлемГаз» об исполнении тарифной сметы за 2022 год

Характеристика компании
ТОО «АлемГаз» зарегистрировано в качестве хозяйствующего субъекта 14 октября 2005 года и приступило к деятельности на рынке газоснабжения г. Караганды и области с января 2006 года.

Приказом ГУ «Управления по тарифам Карагандинской области» № 32-ОД от 15 февраля 2006 г. включено в местный раздел Государственного регистра субъектов естественных монополий. Компания обслуживает:

Адрес	Кол-во ГРУ	Газопроводы всего, пм
Ленинский район	118	36 346
Советский район	101	28 633
Октябрьский район	40	14 592
Кировский район	2	754
Железнодорожный р-н	15	7 137
Всего по Караганде	276	87 462

Основные финансово-экономические показатели	
Наименование показателей	2022 год
Коэффициент автономии (СК/СА)	1,1
Коэффициент рентабельности продаж	17,6
Рентабельность по чистой прибыли	2,0
Коэффициент оборачиваемости ДЗ в днях	14,5
Коэффициент оборачиваемости КЗ в днях	18,3
Коэффициент текущей ликвидности	0,8
Коэффициент быстрой ликвидности	0,8

Утвержден предельный тариф на 5 лет, тенге/кг	Принято в ТС на 2022 год, тенге/кг	Объем оказываемых услуг в ТС, тыс. кг	Фактический объем оказываемых услуг, тыс. кг
52,22	46,9	2 549,79	2 394,56


Постатейное исполнение тарифной сметы, тыс.тенге

Наименование показателей	Утверждено в тарифе	Факт 2022год	отклонения в %
Затраты на производство товаров и предоставление услуг всего	112 983,77	137 450,78	22%
Материальные затраты	9 176,70	11 245,09	23%
Затраты на оплату труда ППП и налоги	77 430,61	89 207,21	15%
Амортизация основных средств		2 549,39	0%
Ремонт	4 010,57	4 324,07	8%
Услуги сторонних организаций производственного характера	15 021,99	17 617,05	17%
Прочие затраты	7 343,90	12 507,97	70%
Расходы периода, всего	6 592,91	12 822,95	94%
Затраты на оплату труда АУП и налоги	4 113,12	8 817,44	114%
Амортизация		174,44	0%
Налоговые платежи и сборы	226,53	229,62	1%
Командировочные расходы		44,12	0%
Коммунальные услуги	27,96	36,98	32%
Услуги связи	105,16	156,91	49%
Услуги банка	243,75	311,45	28%
Другие расходы	1 876,39	3 051,99	63%
Всего затрат	119 576,68	150 273,73	26%
Прибыль		-37 976,89	
Всего доходов	119 576,68	112 296,84	
Объем оказываемых услуг, м3	4 358,62	4 093,26	
тыс.кг	2 549,79	2 394,56	
тыс.тенге	119 576,68	112 296,84	
Тариф (цена, ставка сбора) (без НДС), тенге/м3	27 434,54	36 712,44	
тенге/кг	46,90	62,76	
Справочно:			
среднесписочная численность работников всего, человек	68	69	
производственного персонала	64	65	
административного персонала	4	4	
Среднемесячная заработная плата всего, тенге	90 340	106 506	
производственного персонала	91 018	102 859	
административного персонала	79 500	165 763	

Исполнение ремонтной программы

Утверждено в тарифной смете	Факт 2022	Отклонение %
4 010,57 тыс.тенге	4 324,07 тыс.тенге	8%
Наименование видов ремонтов	Факт за 2022г	В т.ч. транспортировка газа через ГРУ
Материалы для текущего ремонта автомашин	237 286	40 367
Обслуживание ВДГО (материалы)	1 370 226	1 370 226
Рем.-сервисное обслуживание машин	2 366 183	368 285
Ремонт ГРУ (материалы)	2 350 320	2 328 052
Ремонт баллонов (материалы)	1 168 922	175 338
Ремонт и замена ветохо газопровода	0	0
Ремонт оборудования (материалы)	307 710	46 157
Ремонт оборудования ГНС (материалы)	416 021	62 403
Ремонт цехов (материалы)	0	36 635
Ремонтно-строительные работы (материалы)	87 376	20 668
Ремонт оргтехники	478 700	71 805
Ремонт измерительных приборов	427 000	64 050
Всего, тенге:	9 209 743	4 583 984

Информация о реализации инвестиционной программы на 2022-2026годы в разрезе источников финансирования, тыс.тенге				
Наименование мероприятий	Ед.изм.	Количество	Сумма, тыс. тенге	Собственные средства
2022			0	0
2023				
Капитальные ремонты увеличивающие стоимость	установка	1	4 145	4 145
2024				
Капитальные ремонты увеличивающие стоимость	установка	1	4 353	4 353
2025				
Приобретение УАЗ -390995-4552-04	штг	1	6 491	6 491
2026				
Приобретение УАЗ -390995-4552-04	штг	1	6 816	6 816
Всего 2022-2026			21 804	21 804



KazTransOil

ЕСКЕРТУ

ХАЛЫҚТЫҢ КӘСПОРЫНДАРДЫҢ, ҰЙЫМДАРДЫҢ, ШАРУА ҚОЖАЛЫҚТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА

- автомобиль көлік құралдарының, тракторлар мен механизмдердің тұрақтарын ұйымдастыруға;
- мелиоративті жер аумақтарын жүргіту, жер суаруы және құрғатылған жүйелерді салуға;
- «ҚазТрансОйл» АҚ-пен келісетін тау, құрылыс, жинақтау және жаралыс жұмыстарын жүргітуге, тонырақты тегістеуге;
- ұрылмалардың, шұрфтардың құрылғыларымен және топырақ (жер қыртысының үстіңгі қабатын басқа) сынымауларын алумен байланысты геологиялық түсіру, геологиялық барлау, іздеу, геодинамикалық және басқа геостратегия жұмыстарын жүргітуге тиым салынады.

ТҮЙЫМ САЛЫНАДЫ:

Құбырлардың күзетілетін аймақтарында құбырлардың қалыңдығы пайдалануына немесе олардың бұзылуына әсер ететін түрлі әрекеттері жасауға тиым салынады, соның ішінде:

- табу белгілерін, бақылау-өңдеу пункттерін ауыстыруға, үюге және сындыруға;
- кабель желілерінің қызмет көрсетпейтін күйіне түсетін түрлі пункттерінің қақпаларын, қақпаларын және ескерткіш желілік арнаулымен торлы қоршауларын, қатодты және дренажды қорғу стансаларын, желілік және қорғу құрылғыларын басқа желілік құрылғыларға ауыстыру, қирату мен қысқартуларын алып, жабуға, байлану, әжірмен қамтамасыз ету және құбыр телемеліні қалдыру; қиралдарын өшіруге;
- түрлі қоныс орындарын жасауға, қышқалдар, тұздар мен сиптілердің ертіңділерін түтуге;
- жаға бекіту гомарттарын, су өткізу құрылғыларын, құбырларды, байлану желілерін бұзудан, ал жақын аумақ пен айналадағы жерді апаттық құбылу мен тасмақпандылық өкінімен қорғайтын жер және өте гомарттарды (құрылғыларды) бұзуды;
- әзірлеуші суға тастауға, суға тасталған әзірлеумен, тізбектермен, сүйретпелермен және традлармен өтуге, терендігі алу мен жерге бұтыру жұмыстарын жүргітуге;
- от жағуға немесе ашық немесе жабық от көздерін орналастыруға.

Магистральды мұнай құбырларының күзетілетін аймақтарында «ҚазТрансОйл» АҚ құрылымдық бөлімшелерінің жазба рұқсатнамасы:

- «ҚазТрансОйл» АҚ-пен орналасу жерін, құрылыс жүргізу, жайлау және пайдалану тәртібін келісетін магистральды құбырдың және оны күзетілетін аймағы тасымалдау, өткізуді, топырақ жоюларын немесе өте уақытты немесе тұрақты көлік қиылыстарын орналастыруға;
- бақ өсіруге және ағаш өсіруге, сонымен қатар жыртылатын терендігі отыз бес сантиметрден аспайтын қыр аулашуарушылық дақылдарды өсіруге бағытталған агротехникалық жұмыстарды басқа, «ҚазТрансОйл» АҚ-пен келісетін кәсіптік бір жұмыстарды орындауға;
- магистральды құбырға қызмет көрсету және оның физикалық қорғанысын қамтамасыз етуге арналған «ҚазТрансОйл» АҚ-пен орналастырылған жоюларды салуға келтіруге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген жағдайлардан басқа осы жолдар бойынша магистральды құбырларға өрте қарсы және күзет қызметтерін орындайтын қызметкерлердің қозғалысына кедергі жасауға;
- кез келген құрылыстар мен гомарттарды салуға;

АҚАН СЕРІ ҚОРАМСАҒЫНЫҢ ТУҒАНЫНА – 180 ЖЫЛ

Әудем жердегі әуендер

Қарағандыдағы Кеншілер мәдениет сарайында қазақ ән өнерінің көрнекті өкілі, ақын, әнші әрі композитор Ақан сері (Ақжігіт) Қорамсағұлының туғанына 180 жыл толуына орай дәстүрлі ән орындаушылары арасында облыстық «Әудем жер» байқауы өтті. Оған Қарағанды, Теміртау, Балқаш қалалары мен Абай, Қарқаралы, Бұқар жырау, Шет аудандарынан 10 жастан 35 жасқа дейінгі 33 үміткер қатысып, бақ сынасты.

Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Үміткерлердің өнерін әнші, республикалық ән байқауларының лауреаты, Ержан Базарбеков, Тәттімбет атындағы өнер колледжіннің оқытушысы Шығыс Сәрсенбай және қазылар алқасының төрағасы, Қазақстанның еңбек сіңірген қай

кер, меценат Нұрқанат Тұрабеков дайындаған арнайы жүлдені қарағандылық қос дәлділ Алтынбек Жиенбаев пен Балжан Нұрғабденова алды. 16-35 жас санатында Бас жүлдені Астанадағы Қазақ ұлттық өнер университетінің студенті, қарағандылық Рустам Жүсіпов иеленді. І орынды Салтанат Кеңес (Қарағанды), ІІ және ІІІ орынды Абай аудан



раткері Дәуренбек Әрқенов бағалады. Олар орындаушылардың дауыс ауқымы және ұлттық аспапта ойнау шеберлігіне, сонымен қатар, мәтін сөзінің дұрыс айтылуы мен сахналық костюмдерге, сахна мәдениетіне баса назар аударды. Орындаушылар сайысында үміткерлер 10-15 жас және 16-35 жас санатындағы екіге бөлініп, өнер көрсетті. Екі топта да Бас жүлдені қарағандылықтар жеңіп алып, «Арқаға келіп, әнімің дем» сөзінің рас айтылғанын дәлелдеді. Кіші жас топында төртінші сынып оқушысы Мағжан Мыңбаев топ жарып, өзіне тен қарсылас жоқ екенін көрсетті. Ал, І орын қарағандылық Ажжан Максееваға бұйырса, ІІ орынға Балқаш қаласының тумасы Ренат Әбдібеков лайық деп танылды. ІІІ орын биігіне қарағандылық Айбек Қасымханов табын тіреді. «Байқау дипломанты» атағын қарағандылық Әлі Бекболат иеленді. Сонымен қатар, көсіп

ніннан келген орындаушылар Бек Мыңбек және Баянды Төлеуғай жеңіп алды. Облыстық байқаудың дипломы Аңсаған Сансызбаев (Қарағанды) пен Нұрбек Шабановқа (Шет ауданы) бұйырды. Бұл топта Нұрқанат Тұрабековтің арнайы жүлделері Қарқаралы ауданынан келген Тоғжан Секербаеваға және қарағандылық Ернұр Қабдрашқа берілді. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер байқаудың дипломдары мен ақшалай сыйлықтарына ие болды. Ақан сері Қорамсағұлы – (1843-1913 ж.ж.) қазақтың біртуар композиторы, тағдырлы таланттарының бірі. Сонына бай музыкалық және поэзиялық мұра қалдырған сан қырлы дарын иесі. Оның талғамы биік мұралары бірнеше буынға рухани азық болды, әлі де өскелең ұрпақты тәрбиелеп келеді. Ақан сері шығармаларының басым бөлігі опералық қойылымдарда пайдаланылатын әндер және қазіргі әртістердің репертуарында лайықты орын алады.

Қарағанды облысы: ауа райы				
	4 мамыр	5 мамыр	6 мамыр	
Қарағанды қаласы	+13 -3	+18 0	+21	+5
Абай ауданы	+14 -4	+19 -1	+22	+4
Ақтоғай ауданы	+11 -3	+17 0	+22	+3
Бұқар жырау ауданы	+11 -2	+16 +2	+19	+6
Қарқаралы ауданы	+10 -4	+16 0	+20	+4
Нұра ауданы	+16 -3	+21 -1	+23	+3
Осакаров ауданы	+14 -2	+18 +1	+21	+6
Шет ауданы	+11 -4	+17 -2	+21	+4

Ақпарат <https://www.gismeteo.kz/> сайтынан алынды

Хабарландыру

«Resource PV» ЖШС-ті Нұра-Талды кварцты-желілік-грейзендік сирек жер кен орнын ашық әдіспен өндірудегі тау-кен жұмыстарының жоспарына ықтимал әсер ету туралы есебі бойынша ашық жиналыс арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы жариялайды.

Қоғамдық тыңдаулар 2023 жылғы 12 маусым сағат 16.00-де Қарағанды облысы, Шет ауданы, Нұраталды а.о., Қошқарбай ауылы, Мәдениет үйінде өткізіледі.

Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: «Resource PV» ЖШС, Астана қ., Қонаев көшесі, 12/1 үйі, электрондық пошта: info@resource-pv.kz.

Есепті әзірлеуші: «ЦЕНТРГЕОКОНСАЛТИНГ» ЖШС-ті, Абай обл., Семей қ., Поселок Степной көшесі, 133 үйі, 1 пәтер.

Есептің электронды нұсқасы <https://ecoorportal.kz> Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ Қарағанды облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы сайтында орналастырылған.

Қосымша ақпаратты келесі электрондық пошта арқылы алуға болады: a.kulesh@resource-pv.kz, info@resource-pv.kz.

Жұртшылық ықтимал әсер ету туралы есебі бойынша өз ескертпелері мен ұсыныстарын Бірыңғай экологиялық порталға және Қарағанды облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының электрондық поштасына жібере алады: expertiza.upr_krg@mail.ru.

Объявление

ТОО «Resource PV» объявляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по отчету о возможных воздействиях к Плону горных работ отработки редкоземельного кварцево-жильно-грейзенового месторождения Нұра-Талды открытым способом.

Общественные слушания будут проведены 12 июня 2023 года в 16:00 ч. в Доме культуры с. Кошқарбай Нұраталдинского с.о. Шетского района Карагандинской области.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Resource PV», г. Астана, ул. Қунаева, дом 12/1, электронный адрес: info@resource-pv.kz. Разработчик: ТОО «ЦЕНТРГЕОКОНСАЛТИНГ», Абайская обл., г. Семей, ул. Поселок Степной, дом 133, кв. 1.

Электронный вариант отчета размещен на сайте Единого экологического портала: <https://ecoorportal.kz>, а также на сайте Управления природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области.

Дополнительную информацию можно получить по следующему электронному адресу: a.kulesh@resource-pv.kz, info@resource-pv.kz.

Общественность может направить свои замечания и предложения по отчету о возможных воздействиях на сайт Единого экологического портала и на электронный адрес Управления природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области: expertiza.upr_krg@mail.ru.

№128

«ҚР ҚМ Қазынашылық комитетінің Қарағанды облысы бойынша Қазынашылық департаментінде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексінің нормаларын, мемлекеттік қызмет және сыйбалас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманың Департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9.00-18.30-ға дейін жұмыс тәртібімен 8-(7212)-41-36-90 сенім телефоны қызмет етеді».

«Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексінің нормаларын, мемлекеттік қызмет және сыйбалас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманың Қарағанды облысы бойынша Қазынашылық департаментінің аудандық, қалалық басқарма қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін сенім телефондары:

- Саран қалалық қазынашылық басқармасының: 8-(72137)-5-11-44
- Шахтинск қалалық қазынашылық басқармасының: 8-(72156)-3-91-84;
- Теміртау қалалық қазынашылық басқармасының: 8-(7213)-98-10-18;
- Қарқаралы аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(72146)-3-17-38;
- Бұқар жырау аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(72154)-2-12-87;
- Нұра аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(72144)-5-29-88;
- Осакаров аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(72149)-4-18-90;
- Абай аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(72131)-4-47-37;
- Ақтоғай аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(71037)-2-10-11;
- Балқаш қалалық қазынашылық басқармасының: 8-(71036)-4-07-49;
- Приозерск қалалық қазынашылық басқармасының: 8-(71039)-5-20-45;
- Шет аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(71031)-2-18-06;

Еске алу

Қарқаралы ауданы Нұркен ауылының тумасы, марқұм жеңгем Тұрсын ҚАЛЫМБЕКҚЫЗЫНЫҢ жалған ғұмырдан Жаратқанның қузырына өтіп, бақилық болғанына 5 мамыр 2023 жылғы тура 30 жыл толады екен.



Асыл жеңгем, Марал ағамның жар-қосағы, бауырларымның анасы – ТҮРСЫН ЖАРЫҚТЫҚ ӘДІЛБАЕВТАР әулетіне келін болып түскен күннен қазақ отанасына тән көркем мінезімен есімізде сақталған, тірлігінде салт-дәстүрімізді, отбасының ынтымақ-жарастығын сақтай білгендігімен баршаның ілтипатына бөлінген жан еді. Иманды болғырдың жарқын бейнесі, ұрпақтарына дарыған қарапайым адамгершілік қасиеттерімен көкейімде сақталып келеді.

Жаратқанға тәубе делік, аға-жеңгенің қайырлы одағынан Ардақ, Мәди, Ерсін, Ержан атты ұлдар өмірге келіп, шаңырақтың шаттыққа бөленген шақтарын бастан кештік... Өткен, өмір-шіркіннің адамға сын сағаттарды да байғазы ететін сәттері болмай тұрмайды екен. Тұрсын жеңгеміз ауыр наукас дертіне шалдығып, Ардақ 9 жасар, Мәди 8-ге толар, Ерсін 4 жарым жасар, Ержан небары 3 жасар шақта ауыр дерттен көз жұмып кете-барды...

Жаратқанның қолдауымен, ел тілегімен, баршамыздың ынтымағымызбен бауырларымның бұғанасы қатып ержетті, мектептен соң әрқайсы көңілі қалаған мамандығын игеріп, ұлттымыздың саналы-қайратты азаматтарының қатарын толықтырды. Ұлдардың алды атасына балдан тәтті немерелер сүйгізуде. Есейген сайын албырт шақтың қызығы енді ұрпақтарына ауысып, өздері де олардың келешегіне қамқоршы, қайырымды-мейірімді жандар болып өсуіне жауапты санатқа қосыларын жақсы біледі.

Өзінің ақ сүтімен ауызданған балапандар, менің бауырларым бүгінде еліміздің қабырғалы азаматтары атанды. Тұрсын! Мекеніңнің иман байлығымен нұрлануын тілеп, сәт сайын дұғамен еске аламыз.

Топырағың торқа, жаның жәннатта болсын. Жер-бесігінде тыныш ұйықта, аяулымы.

Еске алушы: қайынсіңілің – Қанат Шәріпқызы, жұбайың – Марал, (балалары мен немерелері).

№232

Еске алу

Әлемнің жарығын сыйладың сен маған ...



Қамшының сабындай қайран тірлік бір күні шарт сынары әмбебап аян. Өмірдің өзі күшті болғанымен, өтетіні өкінішті... Үстіміздегі жылдың 12 мамырында ардақты Ана, аяуды жар, ақылшы әже болған менің жеңгем – Мереке КЕНШІНБАЙҚЫЗЫНЫҢ фәниден бақия, барзақ әлеміне көшкеніне бір жыл толады. Ана – адамзаттың ардақтысы. Шынында да «Ана» деген үш әріптің астарында тұғыры биік тұлғаның бейнесі тұр. Халқымыз «Алып анандан туады», «Ата – ұлды, Ана – ұлтты тәрбиелейді» дейді. «Ана» атты алып ұғыммен байланысты Отан-Ана, Жер-Ана, Табиғат-Ана секілді ең асыл атаулармен қосарлана айтылуының өзі бұл есімді барынша ұлықтай түседі. Менің Тәтем де осындай өнегелі, ақыл мен парасаты бойына барынша жинаған адам еді. Дауыс көтергенін естіген жолпын, әрқашан сабырлы, байсалды қалпынша танбайтын. Мен сол үйдің жетінші баласындай болдым. Өз анама айтпаған сырымды төтеме айтушы едім. Ол өмірінің жарты ғасырдан артық мерзімін ұстаздық қызметке арнады. Еңбек жолын Бұқар жырау ауданында (бұрынғы Ульянов) бастап, сонан соң осы Қарағандыдағы мектептерде жалғастырды. Алтын асықтай екі ұлды, күміс қасықтай төрт қызды дүниеге әкеліп, тәрбиеледі. Балаларының барлығы жоғары білімді, кәсіби мамандар. Барлығы отбасы. Төтем солардан тараған немерелері мен шөберелерін көрді. Сөксен алты жасында тал бесіктен жер бесікке аттанды. Жарқын бейнесі, аналық жылуы мәңгілік есімізде. Жатқан жеріңіз жайлы, топырағыңыз торқа, жаныңыз жәннатта, тәңіңіз рахатта болсын, қайран Тәтем!

Еске алушы: балалары, немерелері, қайынсіңілісі – Тұрсын, қайыны – Амангелді, абысындары.

№240

Еске алу

29 наурызда, қасиетті Рамазан айында сүйікті апамыз, аяулы ағамыз, әжеміз Роза Беймбетқызы АЙМУРЗИНА қайтыс болды.



Қарағандының педагогика институтын қызыл дипломмен бітіріп, 45 жыл ғұмырын шәкірт тәрбиелеуге арнаған ұлағатты ұстаз. Қазақстанның оқу-ағарту ісінің үздігі ағамы мен тыл еңбеккері мәртебесіне ие болды. Сүйікті апа, ардақты ана, әже, біздерге ақылшы, қамқоршы еді. Институтты бітірген соң еңбек жолын Ақшатау руднигінде қазақ мектебінде орыс тілінен мұғалім болып қызмет етті. Жұбайы тау-кен байыту комбинатында инженер болып қызмет етті.

44 жаста қайтыс болып кетті. Роза Беймбетқызы 4 баламен төркініне Балқаш қаласына көшіп келіп 11 жыл тұрып, балаларын өсіріп, жеткізіп, 1983 жылы Қарағанды қаласына көшіп келді. Балаларының бәрі оқу бітіріп, мамандық алып, әр салада қызмет істеп жүр.

Кеше ғана ортамызда жүрген ардақты ағамыз, сүйікті апамыз, әжеміздің жарқын бейнесі есімізде мәңгілік сақталады. Алланың ісіне не шара, алдынан жарылқасын, орны жұмақта болсын деп дұға етеміз. Роза, біз сізді ұмытпаймыз.

Еске алушы: Аймурзидер, Хамитжановтар, Араповтар, Кезикеевтер, Қасимовтар.

№128

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің, мемлекеттік қызмет және жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9.00-18.00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы: fink.kar@minfin.gov.kz

Жарнама бөлімінің байланыс телефоны:

43-21-55

Электрондық пошта:

ortalyk.kaz @mail.ru

• «ИНДУСТРИАЛЬНАЯ КАРАГАНДА» ГАЗЕТИНІҢ ЭСТАФЕТАСЫ

Тарихи басылымның тағылымды ісі

Қарағандымен егіз ұғымға айналған «Индустриальная Караганда» газетінің тарихы талайға аян. Десек те, осынау ордалы басылымның бұқара біле бермейтін тағы бір қыры бар. Ол жеңіл атлетикадан жыл сайынғы өтетін эстафетасы. Дода бір басылым төңірегінен түлесе де бүгінгі таңда қатысушылар мен қызығушылар қатары анағұрлым артты.

Жан АМАНТАЙ, «Ortalyq Qazaqstan»



Кеншілер астанасы тұрғындарының бірнеше буыны «Индустриальная Караганда» газеті ұйымдастырған жеңіл атлетикалық жарысқа қатысқанына және жеңімпаз атанып, жүлдеге ие болғанына тарих куә. Жылдан жыл асып, онжылдықтан онжылдыққа ұласқан межелерде спорт әуесқойлары мамыражай мамыр айында бір-біріне эстафета таяқшасын беру арқылы жеңімпаз құрметіне лайық болуды көздейтін еді.

Көктемнің соңғы айы «Индустриальная Караганда»-ның өмір күнтізбесінде неліктен ерекше орын алады деген сауал туындары кәдік? Алғашқы жарыс кенді қалада 1946 жылы мамырда жеңістің желбіреген туындай болып өткен еді. Осынау іргелі іс-шараның бастамашылары һәм алғашқы қалыптастырушылары редак-

ралық дәрежедегі спорт шебері Вячеслав Муравьев, Ольга Сафронова, Александра Романова, Сергей Засимович және тағы өзгелері қатысты. Жыл сайын қатысушылар саны арта түсті.

Мысалы, 1963 жылы басылым қазіргі атауын алған кезде дәстүрлі жеңіл атлетика жарыстарына 800 спортшыдан тұратын 97 команда қатысты.

Алайда, бұл ауқымды шараның да тежелер кезеңі болғаны жасырын емес. Ол 2020-2021 жылдары коронавирус пандемиясына байланысты жарыстың уақытша тоқтауы.

Десек те, бұл үзіліс эстафета өкілдері мен ұйымдастырушыларын түбегейлі тоқтата алмады. Керісінше тыңнан жиналған идеялар легі жаңа жарысқа өзгеше қыр бергендей. Осыған орай «Индустриальная Караганда» ұйымдастырған биылғы жарыс та әсерлі болады деп күтілуде.



тор Михаил Романико және ол кездегі «Социалистическая Караганда» басылымының тілшілері болған-ды. Әр жылдары эстафеталық жарысқа екі дүркін Олимпиада чемпионы және еңбек сіңірген спорт шебері Владимир Муравьев, Олимпиада ойындарының қола жүлдегері, еңбек сіңірген спорт шебері Дмитрий Карпов, Олимпиада ойындарының қатысушысы, ҚР халық-

меиясына байланысты жарыстың уақытша тоқтауы. Десек те, бұл үзіліс эстафета өкілдері мен ұйымдастырушыларын түбегейлі тоқтата алмады. Керісінше тыңнан жиналған идеялар легі жаңа жарысқа өзгеше қыр бергендей. Осыған орай «Индустриальная Караганда» ұйымдастырған биылғы жарыс та әсерлі болады деп күтілуде.

• МАРАФОН

Желаяқтар жолға шықты

«РУХАНИ KZ» танымдық керуені мен «Buketov runners» эстафеталық ультрамарафоншылары «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» оқиғасының 300 жылдығына, Бұқар жырау Қалқаманұлының 355 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған марафон көмбесінен аттанды.

Жан АМАНТАЙ, «Ortalyq Qazaqstan»

Осынау ауқымды шараға мұрындық болған Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің Басқарма Төрағасы – ректор Нұрлан Дулатбеков, Қарағанды облысы ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрлан Бикенов рухани-танымдық сапармен жолға шыққандарға ізгі тілек жолдап, сәт-сапар тіледі.

Ала таңнан Е.Бөкетов университетінің «Жастар» алаңынан эстафеталық ультрамарафон желаяқтары «Қарағанды-Түркістан» бағытындағы 1300 шақырымдық жүгіруді бастап кетті.

«Buketov runners» желаяқтар тобында 40-қа жуық адам бар. Айтулы ультрамарафонға өзге де жоғары оқу орындарының оқытушылары мен жауа жүгіру спортына қатысып, оны насихаттап жүрген белгілі тұлғалар шақырылды.

Бір қызығы зоология кафедрасының профессоры 66 жастағы Аманай Мырзабаев бүгінгі ультрамарафонға 5 шақырымды бағындыруды жоспарлай келіпті.

– Жауа жүгіру адам баласына қай жаста болсын керек әрі пайдалы қозғалыс. Қан айналымының жеделдеуі, ішкен-жеген астың тарқауы және салауатты өмірдің басты факторының бірі осы жауа жүріс пен жүгірісте. Марафон ұйымдастырушыларына алғысымыз шексіз, – дейді Аманай Мырзабаев.

Ал, Еренғайып Қуатайұлы Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті журналистика бөлімінің 2001 жылғы түлегі. Жүр-



налист, заңгер. Астана, Қазан, Ыстамбұл, Бостон, Чикаго, Токио және осы сәуір айында Лондон марафонын жүгіріп өткен марафоншы. Кападокция ультрамарафоны, Ирбис тау ультрамарафондарының жеңімпазы.

– 21 шақырымды жүгіріп, эстафетаны бастап береміз. Бұқаралық спортты дамыту мақсатында ұйымдастырылып жатқан шараны қолдау үшін Алматыдан арнайы келдік. Мен өзім әуесқой марафоншы ретінде жүгіруді 40 жасымда бастадым. 40 жасқа келгенде салмағым 90 келіден артық еді. Содан артық салмақты тастаймын деп осы жүгірумен айналысуды бастадым. Бүгінгі таңға дейін әлемдегі ең мықты марафонның төртеуін жүгіріп өттім. Жүгіру – менің негізгі ісім емес, хобби, салауатты өмір салты-

• МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

Этноауыл есігін айқара ашты

Теміртаудың Әлеуметтік қала бөлігіндегі ескі стадион көптен бері қаңырап қалған еді. Енді оның тамырына қап жүгіріп, 1 мамыр Қазақстан халқының бірлігі күні мұнда Этноауыл елге есік ашты.



Ержан ИМАШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Құрылысшылар қаласындағы «Асқар және К» ЖСШ (төрағасы А.Сәрсекенов) мен қалалық «Ардагерлер кеңесі» қоғамдық бірлестігі (төрағасы Ш.Серікбай) ұйымдастырған бұл мерекеге келген көпшілік ұлттық құндылықтарымыз ұлықталып, дәстүрлеріміздің дәріптеліп жатқанына куә болды.

Стадиондағы салтанатты Теміртау қаласының әкімі Ораз Тәуірбеков ашып, жиылған жұртты мерекемен құттықтап: – Не істесек те халқымыздың бірлігін нығайтуға, Тәуелсіз еліміздің іргесін берік қылуға еңбек ете берейік, – дейді.

Айтулы шарада облыстың ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрлан Бикенов бұл Этноауылдың Теміртауда тұратын сан ұлт пен ұлыстың өкілдеріне ұлттық құндылықтарымызды таныстырып, елдің бірлігін арттыратын орын болатынына сенім білдірді.

Мерекеге жиналған халық тоғызқұмалақ, кір тасын көтеру, арқан тартыс, асық ату сынды ұлттық спорт түрлерінен өткен сайыстарды тамашалап, өздері сыңға түсіп байқады. Әсіресе, жұртты көп еліктірген ойын садақ ату болды. Оны қалада ашылған

«Ұлттық садақ ату орталығының» жігіттері ұйымдастырып, өздерімен бірге қос нысана мен бірнеше садақ түрін ала келген екен. Сайысқа суырылып шыққандардың ішінен ондыққа дәл тигізген мергендер де кезді.

Бұл тойға ұстазы Кемелбек Сүйімбаевтың шақыртуымен келген садақ атудан ҚР спорт шебері Жұмағазы Тұрсынұлы оған арнайы сый жасап, жас садақшыларға ақыл-кеңесін айтты.

Кеше күні таңдағы шығып, қоқыс алаңына айналып, ағаш, шөбі қаулап өсіп кеткен бұрынғы стадионға сән кіріп, аз уақытта-ақ жасанғырап, жаңғырып шыға келген.

– Қазір бұл арада екі киіз үйіміз ғана тігулі тұр. Бұйыртыса, алда олардың санын көбейтіп, 1 маусымда Этноауыл ресми түрде жұмысын бастайды. Ойға алған жоспарымыз көп. Соның бірі осы жазда балаларға арналған Ұлттық лагерь құру. Бұдан бөлек атқа мініп, серуендеп, қымыз ішкісі келетін қала тұрғындарына қашанда есігіміз ашық, – дейді Этноауылдың директоры Нұрхан Нұрмаханов.

Сонымен, теміртаулықтар осыдан былай ауылды аңсап, елегізі беруден арылатын болады.

ТЕМІРТАУ

ның айнымас бөлігі деп білемін. Біздің қарағандылық университеттің осындай үлкен игі шараны ұйымдастырып жатқаны қатты қуантады. Жалпы жүгіру деген көп адамдар

қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің оқытушылары және студенттерімен кездесу, оқу орындары арасында қарым-қатынасты нығайту, дене тәрбиесі және спорт саласындағы ынтымақтастықты одан әрі дамыту, өзара келісімге келу туралы меморандумға қол қоюды алға қойып отыр ұйымдасты-

• АРМРЕСТЛИНГ

Қарағандылық кара үзді

Қарағандылық Никита Ермаков өзінің жаңа белестерімен жанкүйерлерін қуантуда. Бұл таңғажайып адамның өмірі күреске толы. Ол пара-армрестлингтен Біріккен Араб Әмірлігінде өткен Азия чемпионатында жеңімпаз атанды.

Еске салайық, өткен жылы Оңтүстік Самарқанд қаласында өткен турнирде Никита Ермаков 55 келі салмақта үздік атанған еді. Ал биыл, Арабияның Аджман қаласында алтын алды. Дүбірлі додаға 20 елден өңшең мықты жиналған. Быыл Никита Ермаков 70 келі салмақта оң және сол қолы арқылы қос марапаттауға қол жеткізді. Қос қолмен бірдей қимылдап оңды-солды қарсылас шақ келтірмеген жерлесіміздің жеңісі әлеуметтік желіде қызу талқылануда.



• БОКС

Боксшыларда басымдық бар

Ташкентте өтіп жатқан бокстан әлем чемпионатын Қазақстан құрамасы сәтті бастады. Әзірге жерлестер намысты қолдан берместен тандылық танытуда.

Шаршы алаңға алғаш шыққан Талғат Сырымбетов пен Айбек Оралбай қарсылас қапшысын тауып, соққы дарыта алды. Олар жекпе-жекте уақытынан бұрын тәмамдап, алғашқы айналымда жеңіске жетті. Талғат Сырымбетов 60 келі салмақта тай боксшысы Сақлов Руамтхамды сұлтатып салды. Ал, астаналық Айбек Оралбай 92 келіде болған боксшысы Радослав Панталеевке тізе бүктірді.



• ЖЕКПЕ-ЖЕК

Жеңіске деген жігермен

Алматыда өткен «Октагон 44» жекпе-жек турнирінде қазақстандық боксшы Фируза Шарипова ресейлік Илона Бондаренконы жеңді.

Бұдан бұрын Фируза Шарипова сегіз бұрышта ресейлік Карина Ондасынованы жеңген болатын.

Банкерлердің айтуынша, жерлесіміздің жекпе-жек жүргізу әдісі өте жақсы. Ол алаңда салқынқандылық танытып, бар күшін тек жеңіске бағыттайтын көрінеді.

Ал, осы бір үш раундқа жоспарланған кездесуде жерлесіміз қарсыласын уақытынан бұрын техникалық нокаутпен жеңді. Небәрі 13 секунд уақыт аралығында Фируза кезекті жекпе-жегің жеңіспен аяқтады.



Лайындаған Жан АМАНТАЙ, «Ortalyq Qazaqstan»

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор – **Қ.Ж. ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары – «Индустриальная Караганда» газетінің бас редакторы – **О.В. МЯГКИХ**
Директордың орынбасары – **Г.Ш. ЖҰМАДИЛДИНОВА**

Бас редактор – **Е.К. МҰСАБЕК**
Бас редактордың орынбасары – **Н.С. ДҮТБАЙ**
Интернет-редакция редакторы – **І.Д. МҰҚАЙ**
Жауапты хатшы – **Қ.Б. ҒАЛЫМ**

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш, Призерлер: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Оскаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шақтық, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген ®

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігіндегі Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № К218ВРУ00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortalqy.kz@gmail.com; ortalqy.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalqy.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJВKZKX БИН 000840001412

Таралымы 5 602

№49 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Жан АМАНТАЙ**